

## AINA

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ  
МАҢЫЗДЫ

2-бет

## KUN TARTIBI

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ  
ТАБЫСҚА БАСТАЙДЫ

3-бет

## QOǴAM

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ  
РӨЛІ АРТАДЫ

4-бет

## JANAZYQ

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ  
МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ

5-бет

## КЕЗЕКТЕН ТЫС КОНФЕРЕНЦИЯДА

облыстық мәслихат сайлауына кандидаттар анықталды

«Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалының кезектен тыс XXIX конференциясы өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаты сайлауын тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды. Елбасы, партия лидері Нұрсұлтан Назарбаев «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XX съезін 2020 жылдың 25 қарашасында өткізу туралы Қаулыға қол қойды. Бүгінгі «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалының кезектен тыс XXIX конференциясына бастаушы партия ұйымдарынан сайланған 111 делегаттың 110-ы қатысып отыр. Конференция жұмысын бастауға қажетті волеум бар, – деп конференция жұмысын бастап берген «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалының төрағасы Қайрат Әбсәттаров күн тәртібіне шығарылған мәселелерді таныстырды.

Конференцияның күн тәртібіне шығарылған алғашқы мәселе – Жезқазған қаласы бойынша партияның сайлауалды бағдарламасын бекіту. Бұған дейін <https://rgimatics.kz> сайтында жарияланып, барлық бастаушы партия ұйымдарында талқыланып, партияның сайлауалды бағдарламасын делегаттар бірауыздан қолдады. «Nur Otan» партиясы өзінің сайлауалды бағдарламасында қаланы дамытудың 7 басым



бағытын айқындаған. Олар: экономикалық тұрақты қала, жайлы қала, әлеуметтік бағдарланған қала, жастарға арналған қала, тарих пен мәдениетті дамыту, ашық және есеп беретін жергілікті орган және қауіпсіз қала. Партия аталған бағыттарды өміршең ете отырып, халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын үздіксіз жақсарту үшін жағдай жасауды мақсат етіп отыр.

Делегаттар конференцияда облыстық мәслихатқа және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттығына кандидаттар арасында өткен қызу пікірсайы-

сты тамашалады. Пікірсайыса 7 кандидат қатысты. Олар: Бауыржан Шығысов, Жанар Салықова, Ізтелеу Түсіпов пен Елдос Әбікенов, Уәли Жағымжан пен Силар Киякбаев пен Амангелді Әлімжан. Аталған кандидаттар конференция делегаттарына өздерін таныстырып, Жезқазған қаласының экономикалық әлеуетін көтеріп, қоғамдық өзекті мәселелерді шешуді міндет еткен сайлауалды бағдарламаларына тоқталды.

►► 2-бетте

## МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

## СУҒА СҰРАУ САЛЫНДЫ

Жезқазған қаласын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі күн тәртібіне қойылғалы ондаған жылдың жүзі болды. Облыстық «Орталық Қазақстанның» өңірдегі тілшісі ретіндегі алғашқы мақаламды мен 2002 жылы «Жезқазғанға жерасты суы керек» деген көкейкесті тақырыпты көтеруден бастаған едім. Содан бері талай рет қалам тербесен бұл мәселе маған етене тағысы. Үкімет Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау өңірін әлеуметтік-экономикалық дамыту жөніндегі Кешенді жоспарында қанатмас қос қаланы сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында Ескүла, Үйтас-Айдос су құбырларын қайта жаңғырту және Қожамсейіт су көзін игеру жұмыстары 2013 жылы басталатындығы туралы шара белгіленгенде үміт оты жанған жұртшылық қиынмен қуанған еді. Кейінірек бұл мерзім 2014-2017 жылдарға жылжытылды. Алайда, мемлекет қыруар қаржы бөлген осы ауқымды жоба бүгінге дейін толық жүзеге аспай, үміт оты күдікке айналуда. Өңірді аралағанда осы күрделі күрмеуге назар аударған Парламент Мәжілісінің депутаты Арман Қожамжетов жақында Кешенді жоспардағы Жезқазғанды жерасты суымен қамтамасыз ету жөніндегі белгіленген шаралардың жүзеге аспай отырғанын Үкіметке жеткізіп, мәселені оңайын шешудің жолын қарастыруды сұрады.

Парламент депутатының сұрау салуында айтылғандай, 2014-2017 жылдары атқарылуға тиіс аталмыш жобаның жалпы құны 10,7 млрд. теңгеге бағаланған. Алайда, бөлінген қаржының игерілгені туралы есеп берілгенімен, Жезқазған қаласына жерасты су көзінен су беру көлемі ұлғайған жоқ. Су кодексінің талаптары өрескел бұзылып, қала тұрғындары ауызсудың 70% бұрынғыша Кеңгір ашық су қоймасынан тұтынып отыр. Жағалауы қорғалмаған ашық қойманың суының сапасы жақсы деп ешкім айта алмас. Өңір тұрғындарында бүйрек, қуық ауру-

ларының жиі кездесуі де осы мәселемен өзектес. Су тазартатын гидрохехтың технологиясы ескірген. Мембралық тазарту технологиясын енгізу жайы бірнеше жылдан бері сөз күйінде қалып келеді. Депутат сонымен қатар, өңірге жаздағы сапары барысында Үйтас-Айдос су жинағыш нысанында болғанын, жөндеу жұмыстарының сапасыз жүргізілуінен құбырда көптеген ақаудың орын алып, жиі жарылып жатқанын атап айтты.

«Қыс кезінде тозығы жеткен құбырдың су өткізу көлемі тіпті кеміп кетеді. Су көзіндегі 20 ұңғыманың тек бесеуі ғана

бар. Қожамсейіт жерасты су көзін игеруге қатысты құрылыс жобасы да қолға алынбаған. Қаланы сапалы ауызсумен қамтамасыз ету шаралары белгіленген Кешенді жоспарды жүзеге асыру мерзімі 2020 жылы аяқталады. Коммуналдық кәсіпорын басшылығының салғырттығы салдарынан аса маңызды жоба орындалмай калуы», – деп жағдайды жан-жақты жеткізген Арман Қожамжетов жезқазғандықтарды сапалы ауызсумен қамтамасыз етудің өте өзекті екенін алға тартып, осыған орай бұл мәселені Үкіметтің алдағы мәжілістерінің бірінде қарауды сұрай-



Амандық РАХҰЛЫ

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ ЖАҚСARTY – ОРТАҚ МҰДДЕ

Жезқазған қаласының экологиялық ахуалын арқау еткен «ZOOM» платформасындағы онлайн кездесуге Қарағанды облысы бойынша экология департаменті мұрындық болды. Департамент басшысы Қанат Мұсапарбековтің тікелей қатысуымен өткен кездесуде мыс қорыту зауыты, байыту фабрикасы мен Жезқазған жылы электр орталығының басшылары баяндама жасады.

Рұқсат етілген шекті шығарындылардың нормалары жобасына сәйкес Жезқазған мыс қорыту зауытының өндіріс алаңында ауа ластайтын 73 көз бар. Одан ауаға 29 ластаушы зат шығады. Оның ішінде №0227 Н-200 мұржасы негізгі шығарындылардың көзі болып отыр. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің 2019 жылдың 23 қазанындағы шешіміне сәйкес 63 284,19 тонна жалпы шығарылмаға, оның ішінде 59570 тоннасы күкірт диоксидін ауаға шығаруға рұқсат етілген, – деген мыс қорыту зауытының директоры Ербол Адрипов өндіріс ошағындағы 4 конвертордың екеуі істе екенін жеткізді.



Сондай-ақ, жоспарланған жаңа күкірт қышқылы цехының жобасы пандемия салдарынан іске аспай тұрғанын алға тартып, компания қоршаған ортаның ластануына мониторинг жүргізетін жаңа жобаны қолға алғанын айтты. Жылдың аяғына дейін «Экосервис» ЖШС мыс қорыту зауытынан ауаға тарайтын бес элементтің көлемін жұртшылыққа қолалы орынға арнайы орнатылған LED-экрандар арқылы жариялайтын болады. Мыс қорыту зауыты аумағын жасылдандыру мен абаттандыруға баса назар аударылатынын тілге тиек еткен Ербол Тұрағабайұлы 2021 жылы жасылдандыруға 7 млн теңгелен астам қаржы бөлінді деп сендірді.

Келесі болып баяндама жасаған Жезқазған жылы электр орталығының директоры Евге-

ний Никитин де қоршаған ортаны ластау деңгейін төмендету бойынша кешенді жұмыстар атқарылып жатқанын жеткізді. 2018-2019 жылдары №11 қазандық қайта жаңартылып, агрегаттар жөнделіп, №8 қазандыққа эмульгатор орнатылды. Осы үш жобаға 23 млн теңге жұмсалған. Биыл санитарлық аймақты жасылдандыруға 5 млн теңге бөлініп, бұл соммаға 1650 тал егілгенін баяндамасында атап өткен Евгений Никитин жылы электр орталығының мұржасына онлайн мониторинг жүргізетін қондырғы қойылатынын, сондай-ақ 2021-2023 жылдары №10 қазандық агрегаттың толық жаңарту жоспарланғанын жеткізді.

►► 2-бетте

## ТӨЛ ТЕНГЕ – ТӘУЕЛСІЗДІК СЫЙЫ

Ұлттық валютамыз – теңгенің қаржылық айналымға еніп, ел ісiгiзiне айналғанына да 27 жылдың жүзi болыпты. Қазақстан аумағында ерте замандардың өзiнде әртүрлi ақша болғаны белгiлi. Тарихи деректер Отырар мен Исфиджабта 8-10 ғасырларда монета сарайлары жұмыс iстесенiн айғақтайды. Сол уақыттарда қалалар тез өсiп, тауар өндiрiсi мен сауда көлемi ұлғайған. Алтын монеталар да айналымға түскен. Қалай десек те, қазақ халқы үшiн теңге атауы ежелден құлаққа сiңiсi. Елiмiз өзiнiң төл теңгесiне Тәуелсiздiктiң арқасында қол жеткiзгенi белгiлi. Ұлттық валютамыз қаржы-экономикалық дербестiгi бар есеке мемлекет болуымыздың айқын нышаны болуымен қатар, осы жылдар iшiнде Тәуелсiздiгiмiздiң тұғырлы тiрегi болып келедi. Бiз ұлттық ақшамыз айналымға шығарылған мерейлi күн қарсаңында төл теңгемiздiң өмiрiмiзге ену кезеңi мен қаржы нарығын қалыптастырудағы маңызы туралы ой өрбiткендi жөн көрдiк. Осы орайда Жезқазған қаласының Күрметтi азаматы, Қаржы министрлiгi Күрмет грамотасының иесiгi, қаржы саласының ардагерi Айып БАЙҚАСЫНОВПЕН әңгiмелескен едiк.



– Айып Асылханұлы сiз көп жылдар бойы қаланың қаржы саласында қызмет iстедiңiз, оның бiраз уақытында басшы болғаныңызды бiлемiз. Алғаш төл теңгемiз қолға тиген кездегi жағдай қалай едi?

– Иә, мен 1990 жылы облыстық қаржы басқармасына қызметке келген болатынымын. Әуелде кiрiс жағында iстедiм. Кейiн салық инспекциясы бөлiнiмi сондағы акциз, қосымша күн, баға мәселелерiн қамтитын бөлiмнiң басшысы болып тағайындалдым. Теңге шығады деген әңгiме 1993 жылы естiле бастады. Әр деңгейдегi қаржы салаларында iшкi дайындық жұмыстарының қолға алына бастағанын да сездiк. Алдағы өзгерiске қатысты бiздiң пікірлерiмiздi сұраған кез де болды. Шындығын айтқанда, көңiлде күдiк көп едi. Бiз өмiр бойы кеңестiк сомды ғана көрiп өстiк қой. Одан бөлiнiп кеткендегi жағдайымыз қалай болады дегендей алаң қүй кешкенiмiз анық. Ақыры құлақ естiгендi көз көрдi. Елбасының Жарлығымен теңге айналымға шықты. Ол қаржы саласындағы бiр аласапыран кезең болатын. Рубльдің құнсыздануына байланысты қап-қап ақша жинағандарды да көрдiк. Сомды теңгеге айырбастау кезiндегi үлкен қиын-

шылықтарды Ұлттық банктегi әрiптестерiмiз ойдағыдай еңсере бiлдi. Кейiн бiлгенiмiздi, ұлттық валютамызды жасауға екi жыл қажет болған екен. Ұлттық банк алғашқыда 1 теңгенi сол кездегi 1000 сомға бағаласа керек. Кейiн елiмiздiң саяси-әлеуметтiк және мемлекетаралық қатынастары ескерiлiп, 1 теңге 500 рубль болды. Ал, бiрiншi айналымға енген уақытта 1 теңгенiң АҚШ долларына шаққандағы құны 4,35 теңге болған едi. Төл теңгенi алғаш қолға ұстағанда жүректi қуаныш кернедi. Тәуелсiздiгiмiздiң басты нышаны ретiнде бағаладық. Теңгемiздiң алғашқы банкноталары елiмiздiң тарихын мейлiнше терең танытуымен де құнды болған едi. Елiмiздiң мәдени, саяси өмiрiнде айрықша өшпес iз қалдырған Әл-Фараби, Абылай және Әбiлхайыр хандар, Абай, Шоқан, Сүйiнбай сынды тарихи тұлғалардың бейнесi басты бетiне басылса, сырт тұсына кең байтақ жерiмiздiң көрiктi табиғатының көрiнiстерi мен тарихи сәулет нысандарының енуi де халықтың көңiлiнен шықты. Рас, кереғар пікір бiлдiрiп, теңгенi менсiнбегендер де бой көрсетiп жатты.

►► 3-бетте

**SARYARQA**

«SARYARQA» аймақтық газетіне 2021 жылға жазылу басталды

Газетіне бір жылға жазылу бағасы

|                             |              |
|-----------------------------|--------------|
| Жеке тұлғалар үшін          |              |
| Мекен жайға жеткізіп беру – | 4 200 теңге; |
| Редакциядан келіп алу –     | 3 200 теңге; |
| Заңды тұлғалар үшін         |              |
| Мекен жайға жеткізіп беру – | 7 500 теңге; |
| Редакциядан келіп алу –     | 6 500 теңге. |

«Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС  
ТОО «Редакция газеті Сарыарқа»  
БСН/БИН 05034007333  
ЖСҚ/ИИК KZ098560000005225027  
АО «Банк ЦентрКредит»

+7 (7102) 71 00 55, +7 (7102) 77 50 25

## ҚР ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ САЙЛАУЫНА ҚАТЫСАТЫН САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 28-бабы 3-тармағына сәйкес, «Saryarqa» газетінің редакциясы ҚР Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының сайлауына қатысатын партиялардың (бұдан әрі – Партиялар) сайлауалды үгіт материалдарына ақылы негізде орын беретінін хабарлайды және сайлауалды үгіт материалдарының төмендегідей бағасы мен оларды газетке орналастыру шарттарын, орын беру тәртібін жариялайды:

- ақылы материалдың көлемі шаршы сантиметрмен есептеледі;
- газеттің бірінші бетіне орналастырылатын сайлауалды үгіт материалының көлемі 400 шаршы сантиметрден аспауы тиіс;
- партиялардың сайлауалды үгіт материалдарына орын беру материалдардың редакцияға келіп түсу ретіне қарай түзілетін кезек арқылы жүзеге асады;
- Партиялардың сайлауалды үгіт материалдарын орналастырудың әр шаршы сантиметрі үшін алынатын төлем мөлшері: **1-бет үшін – 250 теңге;** түрлі-түсті беттер үшін – **200 теңге;** ақ-қара түсті беттер үшін – **100 теңге.**

«САРЫАРҚА ГАЗЕТИ РЕДАКЦИЯСЫ» ЖШС

SARYARQA-AҚПАРАТ

«ӘР БАЛА МЕКТЕП БІТІРГЕНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕЙТІНДЕЙ ЖАҒДАЙ ЖАСАУЫМЫЗ КЕРЕК»

Әр бала мектеп бітіргенде қазақ тілінде сөйлейтіндей жағдай жасауымыз керек. Бұл туралы бүгін Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің отырысында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы, ҚХА төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев айтты.



Елімізде 5 644 ұйым балаларды мемлекеттік тілде оқытады. Шамамен 3,8 мың қазақ мектебі жұмыс істеп тұр. Бұған қоса, орыс тілі мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен қатар қолданылатын тіл болып қала береді. Конституцияда солай жазылған. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қазақ әдебиетінің шығармалары БҰҰ-ға мүше елдердің 6 тіліне аударылды. Біз мұны алғаш рет қазақ әдебиеті мен мәдениеті бүкіл әлемде танымал болуы үшін жасадық. Ғылымның жетекші салаларындағы алдыңғы қатарлы еңбектерді қазақ тіліне аудардық. Бұл жұмыс жалғасып та жатыр. Біздің жоғары оқу орындарымыз физика, химия және өзге де ғылымдар бойынша ағылшын тіліндегі оқулықтар жайында алғаш рет білді. Қазақ поэзиясы антологиясының тұсаукесері әлемдік мәдениет астаналарында өткізілді, – деді ҚР Тұңғыш Президенті.

Елбасы бейбітшілік, келісім және бірлік мемлекеттік саясаттың басты басымдығы болғанын және солай болып та қала беретіндігін баса айтты.

– Сондықтан да дәл осы құндылықтардың арқасында біз дамып, елімізді байытамыз, адамдарымыз үшін жақсы өмірге жағдай жасаймыз. Бұл этносаралық қозғалыс саласындағы түбегейлі ұстаным және ол өзгермейді. Ассамблея барлық этностарды біздің ортақ қазақстандық құндылықтарымыздың төңірегіне топтастыру үшін жұмыс істеуі керек. Қазақ тілінің біріктіруші факторға айналуына, еліміздің халқының бірлігін мұнан ары да нығайтуға әлеуеті бар. Ол этносаралық қарым-қатынас тіліне айналуы үшін кеңен-кезенімен аясын кеңейтіп, оны оқытатын адамдардың санын арттыру қажет, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

ҚР Тұңғыш Президентінің дерегіне, елімізде қазақ тіліне тегін оқытатын 90 орталық жұмыс істеп тұр.

– Жұмысартып айтқанда, олардың тиімділігіне қатысты әділ сауалдар туындайды. Сондықтан Мәдениет және спорт, Білім және ғылым министрліктері мемлекеттік тілді меңгеру жүйесінің тиімділігін барынша арттыруы керек. Біз әрбір бала мектеп бітіргеннен кейін қазақ тілін меңгеріп, оқи, жаза және сөйлей алатындай жағдай жасауымыз керек. Бұл оларға мемлекеттік қызметтің барлық саласында, экономикада және басқа да қызметте жұмыс істеуіне мүмкіндік береді, – деді Елбасы.

МӘЖІЛІСТЕ АҚПАРАТ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ҚҰЖАТ МАҚҰЛДАНДЫ



Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы мақұлданды.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаванқы айтуынша, өзгерістер екі негізгі міндетті шешуге бағытталған. Біріншіден, бақылау мен жауапкершілікті күшейту, яғни ақпаратқа қол жеткізу саласындағы жауапты өкілетті органды анықтау мен оның құзыретін айқындау ескерілген.

Сондай-ақ, әрбір мемлекеттік органды өкілетті құрылым немесе осы саладағы жауапты қызметкерді белгілеу ұсынылады.

Екіншіден, заңның қолданыс аясын кеңейту үшін мемлекеттік функцияларды орындаушы ұйымдарды ақпарат иелері қатарына жатқызу және квазимемлекеттік сектор мен басқа да ұйымдарды ашық деректерді жариялауға міндеттеу ұсынылады.

Заң жобасына отандық БАҚ-тың бәсекеге қабілеттігін арттыру бойынша бірқатар түзетулер енгізіледі. Осы орайда мемлекеттік ақпараттық саясаттың бірыңғай жүйесін құру ескерілген. Ол үшін салалық ведомствоға республикалық және өңірлік деңгейдегі мемлекеттік ақпараттық тапсырысты орналастырудың бірыңғай тәртібін айқындау бойынша өкілетті беру ұсынылады. Мемлекеттік ақпараттық саясатты қалыптастыру жөніндегі республикалық және өңірлік комиссиялардың мәртебесін заң жүзінде бекітеді. Оның құрамына үкіметтік емес ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары және мемлекеттік орган өкілдері тең дәрежеде енгізілетін болады, – деп түсіндірді А. Балаева.

ҚЫТАЙДАН ЖҮКТЕР ЖАҢА ҮЛГІМЕН ТАСЫМАЛДАНБАҚ

Қытайдан жүктер Қазақстанға жаңа үлгі бойынша тасымалданады.

Көрсетілген модель Қытай тарапының талаптарына сәйкес физикалық кездесуді барынша азайтып санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында әзірленген.



Сонымен қатар, іске асырылған жаңа форматтағы шекара жұмысының формасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі мен тиісті нормативтік-құқықтық базасы қабылданғаннан кейін жергілікті тұрғындар үшін қосымша 200 жұмыс орнын қамтамасыз етті.

Ағымдағы жылдың тамыз айынан бастап қазан айына дейінгі кезеңде «Евротранзит» ЖШС Қытайдан көліктік-логистикалық орталыққа (TLC) 728 тиісті рейсті жүзеге асырып, мемлекетіміздің қорына 227,3 млн теңге салық түсіріп отыр.

Салыстырмалы түрде келтіретін болсақ, өткен жылдың ағымдағы кезеңінде Қытайдан тұтыну тауарларын тасымалдаудың үлкен көлемімен орташа алғанда Қазақстан Республикасының көлік компанияларының әрқайсысы бюджетке 1,5 млн.т. салық түсірген.

Естеріңізге сала кетсек, Қытай тарапынан карантинге байланысты туындаған шекарадан өту ережелері мен жүктерді өңдеу талаптарының күшейтілуіне Қазақстан Республикасының «Нұр жолы» кеден өткізу пунктінде көліктердің кептелісіне әкелді.

Ең жоғарғы кезеңдерде жүктерді тасымалдау құны 10 есеге дейін, демек 1500-ден 15000 АҚШ долларына дейін өсті, сондықтан да Қазақстан тасымалдаушылары жаппай «Нұр-жолға» кеден өткізу пунктінде бет алды. Бір шақырымға созылатын кезектердің қалыптасуымен «интергистер» деп аталатындар тарапынан өзбырлық басталды. Олардың шекарадан заңсыз өтуге арналған «көлеңкелі» схемаларымен жүргізушілер мен тауарларды экспорттаушылардың кері байланысын тудырды, Қазақстанның транзиттік имиджіне кері әсерін тигізді, өйткені кезекте алыс шетелдерден (Австрия, Германия, Франция) жүргізушілер де болды.

Жағдайды реттеу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚХР-мен бірқатар келіссөздер жүргізді. Нәтижесінде Қытай тарапының күнделікті қабылдауы 20-дан 80 автомобильге дейін өсті.

Сондай-ақ, Қазақстан аумағында шекаралық ТЛО ашу туралы шешім қабылданды. Осылайша, бүгінгі күні тауарларды қытайлық тіркелулерге тікелей біздің шекарадағы ТЛО-на әкелуге болады, олар кедендік өңдеуден өтіп, тұтыну аймақтарына әрі қарай тасымалдау үшін Қазақстандық көлікке қайта тиеледі. Қазақстандық автомобиль көлігінің бір бөлігінің Қытай жағына өту қажеттілігі жойылды және сәйкесінше «Нұр жолы» кеден өткізу пунктінде жүктеме азайды.

ТЛО-та қайта жүктелгеннен кейін, жүктер отандық көліктермен Алматыға жеткізіледі және мұндай тасымалдаудың құны 200 мың теңгені құрайды. Өз кезегінде, бұл жағдай компанияларға тіркеме тіркелген Қытай қабылдамайтын көлік құралдарымен табыс табуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты тасымалдаушылар үшін жүк құнын төмендетудің есептері туындады. Осы тұрғыда бұл тұтынушы үшін тауарлар құнының төмендеуіне әсер етеді.

Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық, субъективті көзқарас мәселелерін шешетін және адами факторды жоққа шығаратын КӨП-де электрондық кезек енгізілді. GoCargo.kz сайты арқылы алдын-ала кезекке тапсырыс беруге болады. Тасымалдаушылар өткізу пунктінде SMS хабарламалары арқылы келу қажеттілігі туралы хабарлар егіледі.

Болашақта электрондық кезек жүйесінің жұмысын Қазақстанның басқа да өткізу пункттерінде тарату жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, бүгінгі күні шекарада көлеңкелі тасымалдаушылар мен «итерушілердің» үлкен кіріс көздерін тікелей жауып тастаған электрондық кезек жүйесін бұзу әрекеттері жасалуда. Жоғарыда қабылданған шаралар нәтижесі Қытаймен сауданың өсуіне ықпал етеді. Сондай-ақ бірқатар міндеттер шешіледі, оның ішінде бұрын жабылған бақылау бекеттерін ашу және жүргізушілерге виза беруді қалпына келтіру.

КЕЗЕКТЕН ТЫС КОНФЕРЕНЦИЯДА

облыстық мәслихат сайлауына кандидаттар анықталды

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сұрақ-жауап кезеңінде кандидаттарға бір-біріне сауал жолдау мүмкіндігі берілді. Жастар саясаты, әлжуаз топтағы азаматтарды қолдау шаралары, жұмысшы мәртебесін көтеруге қатысты қойылған сұрақтарға кандидаттар тұщымды жауап бере алды. Бұдан кейін конференция делегаттары өз таңдауын жасады. Яғни олар өз дауысын Қарағанды облысы мәслихатына лайықты деген кандидатқа берді. Электронды форматта өткен дауыс беру нәтижесі келесідей:

Бауыржан Шыңғысов – 102, Силар Қиякбаев – 84, Елдос Әбікенов – 37, Ізтөлеу Түсіпов – 12, Жанар Салықова – 10, Амангелді Әлімжан – 8, Уәли Жағыпаров – 6 дауыс. Көп дауыс жинаған кандидаттар партиялық тізіммен облыстық мәслихат сайлауына қатысу мүмкіндігіне ие болды.

«Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Кеңгірбай Смағұлов партиялық квота бойынша кандидаттарды қоса алғанда қалалық мәслихат сайлауына ұсынуға



арналған партиялық тізімді делегаттардың бекітуіне ұсынды. Партиялық тізімге қазанда өткен праймеризде басым дауыс жинаған 26 кандидат ұсынылды. «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы саяси кеңесінің құрамын өзгерткен соң конференция делегаттары кезектен тыс XXXIV облыстық партия конференциясына қатысатын 10 жезқазғандық делегатты дауыс беру арқылы таңдады. Кезектен тыс XXIX конфе-

ренциясының қорытындылаған қала әкімі, «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасы Қайрат Әбәттаров Парламент пен мәслихат сайлауында «Nur Otan» партиясының женіске жетуі үшін «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалында сайлауды штаб құрылып, оған облыстық мәслихаттың депутаты Бауыржан Шыңғысов жетекшілік ететінін жеткізді.

Диана ОРАЗАЛИНА

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ ЖАҚСARTY – ОРТАҚ МҮДДЕ



(Соңы. Басы 1-бетте).

Байыту фабрикасы қоршаған ортаға шығаратын шығандылар Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің рұқсат етілген көлемінен аспайтынын айтқан Мұрат Бөрибаевтың баяндамасынан кейін онлайн-конференция сұрақ-жауап форматында жалғасын тапты. Орынды ұсыныстар да айтылды. Мысалы, Жезқазған қаласы қоғамдық кеңесінің төрағасы Сағындық Қожамсейітов Жезқазғандағы алып өндіріс ошағы «Қазақмыс Smelting» ЖШС экологиялық мәселеге

келгенде ашықтық қағидатын ұстанбайтынына қынжылғып қана қоймай, қаладағы шағын және орта бизнестің қоршаған ортаға келтіріп жатқан зияны есептелмей жатқанына назар аудартты. Ал, қоғам белсендісі Валерий Фоминов есеп берген өндіріс басыларына егілген талдардың емес, нақты жайқалып, өсіп кеткен желектердің санын шығаруға шақырды. Қоғамдық кеңестің мүшесі Жүрсінбай Лекеров Жезқазғанда «Казгидрометтің» қоршаған ортаның ластануын бақылайтын пункттердің санын ұлғайтуды ұсынды. Осы ретте «Казгидромет» РМҚ Қарағанды облысы филиалының кешенді лабораториясының басшысы Лариса Гимадиева:

– Жезқазған қаласында 3 бірдей бақылау пункті бар. Оның біреуі – автоматты,

қалғандары – дәстүрлі түрде атмосфераның ластану деңгейін бақылайды. 9 айдың ішінде біздің бақылау пункттері 270 ластану жағдайын тіркеді. Жезқазғанда қосымша бақылау пунктін қою халық санының азыдына байланысты мүмкін емес, – деп жауап берді.

Онлайн кездесуде Жезқазған жылу электр орталығын көмірден газға көшіру ұсынысы да айтылды. «Көгілдір отынға көшудің артықшылығы мен кемшіліктерін қарастырып көрдік» деген Жезқазған ЖЭО директоры Евгений Никитин газға көшу тұрғындарға тиімсіз болатынын айтты. Есеп-кітап бойынша ЖЭО газға көшкен жағдайда коммуналдық қызмет ақысы 4 есеге ұлғаяды екен.

Диана ОРАЗАЛИНА

ТАҒАЙЫНДАУ БӨЛІМДЕ – ЖАҢА БАСШЫ



Жезқазған қаласы әкімінің 2020 жылғы 11 қарашадағы өкімімен Ержан Жағыпарұлы ЕСЕТОВ «Жезқазған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автокөлік жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы болып тағайындалды.

Ержан Есетов Қазақстан Республикасы Қарағанды облысы Ұлытау ауданында туған. 2004 жылы Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін «Инженер-механик» мамандығы бойынша, 2011 жылы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Экономика және бизнес бакалавры» мамандығы бойынша, 2019 жылы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясын «Мемлекеттік саясат магистрі» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Өр жылдары «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС кәсіпорындарында, Жезқазған қалалық мәслихатының аппаратында, Жезқазған қаласы әкімі аппаратында қызмет атқарды. Осы лауазымға тағайындалғанға дейін «Жезқазған қаласы әкімі аппараты» ММ-не басшылық етті.

БРИФИНГ

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ МАҢЫЗДЫ

Ата-ананың бала алдындағы маңызды міндеттерінің бірі – оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Әйтсе де, соңғы уақытта ата-аналар тарапынан балаларға қатысты зорлық-зомбылық көбейіп отыр. Осы мәселені болдырмау және балалар арасындағы бұзақылыққа жол бермеу мақсатында Жезқазған қаласы білім бөлімі тәрбие секторының меңгерушісі Гауһар Жақыпбекова, Жезқазған қаласы полиция басқармасының жергілікті полиция қызметі ювеналды полиция тобының уәкелсіз аға инспекторы, полиция майоры Жансәуле Құрманбаева, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия хатшысы Әлия Жылқыбаеваның қатысуымен брифинг өтті.



– 9-20 қараша аралығында елімізде БҰҰ-ның бала құқықтары туралы конвенциясын ратификациялау аясында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты республикалық компаниясы өтуде. Бұл науқанның негізгі мақсаты – балаларға қатыгездікпен және немқұрайлықпен қарау мәселесіне қоғамның назарын аудару. Ата-аналар бала алдындағы жауапкершілікті терең сезінуі керек. Бала құқығына бей-жай қараған ата-аналар мен оларды алмастыратын адамдар және басқа ересектер әкімшілік, қылмыстық, отбасылық және азаматтық заңдар негізінде құқықтық жауапкершілікке

тартылатын болады, – деген Гауһар Жақыпбекова бала қауіпсіздігін қорғау мақсатында барлық жезқазғандық мектептерде ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатқанын атап айтты.

– Биыл балалар арасындағы тәртіп бұзушылықтың саны артып отыр, – дейді Жансәуле Құрманбаева. Оның дәлелі – былтырғымен салыстырғанда ағымдағы жылдың он айы бойынша балалар арасындағы тәртіп бұзушылықтың 20 пайызға артады. Бүгінгі уақытта түрлі көрсеткіштер бойынша 42 бала есепте тұр. Сонымен қатар 32 берекесіз отбасы анықталған. Өз міндеттерін толыққанды атқарамағандығы үшін ата-аналар үстінен 66 ақпашылық іс қозғалған. Түнгі уақытта өздігінен қараусыз жүрген 203 кәмелетке толмаған бала анықталып, олардың ата-аналарының үстінен әкімшілік хаттама толтырылған. Төтенше жағдай кезінде қараусыз жүрген 9 баланың ата-анасына да жаза қолданылды. Биыл 5 адам ата-ана құқығынан айрылды, 2 ата-ананың құқығына шектеу қойылған. Ал бір бала Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданындағы қызыл балаларға арналған мектеп-интернатқа жөнелтілген. Балаларға зорлық-зомбылық жасалып жатқанына куә болсаңыз 102 немесе 76-80-94 байланыс телефонына хабарласу керектігін еске саламыз.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

15 ҚАРАША – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА ЖӘНЕ ҚР ҚАРЖЫ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

# ТӨЛ ТЕҢГЕ – ТӘУЕЛСІЗДІК СЫЙЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Алайда, көп кешікпей-ақ теңге тегеурінділігін танытты, сырт елдерге де танымал жақсы валюта екенін дәлелдеді. Қорғаныштық қасиетін де мамандар жоғары бағалауда. Алматыда 1995 жылы өз банкнот фабрикамыз іске қосылды. Содан бері Тәуелсіз Қазақстан төл ақшасын өз елімізде басып шығаруда. Қазірде өмірімізді теңгесіз елестете алмайтынымыз анық.

– **Теңге енгізілгеннен бері елімізбен қатар қаламыздың экономикасы өрістеп, қаржы жағдайы нығайып келе жатқанын көріп жүрміз. Бүгінде зейнетақысын немесе жалақысын алмай отыр деген жағдайдан арылды. Бұл жалты қаржы саласындағы әр жылдардағы тегеурінді әрі жүйелі жұмыстың нәтижесі екені анық. Осы жолдағы қиындықтарды еңсеру кезеңін еске алып өтсеңіз?**

– Жезказған облысының таратылып, қаланың Қарағанды облысына қосылу кезеңінде елеулі қиыншылықтар болған еді. Көпшілік жұрт жақсы біледі, сол тұстағы дағдарысқа ұшыраған Қарағандының ахуалы өте қиын болатын. Басты мақсат – Жезказғанның экономикалық әлеуеті арқылы көмірлі қаланы көтеру керек. Мен салық жағынан 1996 жылы облыстық қаржы басқармасы басшысының бірінші орынбасары болып келген болатыным. Барлық есеп-қисаптар қолдан өтеді. Жоғары жаққа барып та жиі есеп беріп жүрдік. Сонда қаржы-экономикалық жағдайынан Жезказған облысы республика бойынша бесінші орында тұрды. Ал, Қарағанды көш соңына тауы болатын. Қарағанды облысына қосылған кезде қаланың қаржы бөлімін басқарып келген біздің ұстазымыз Рахымжан Жұмабаевтың зейнет жасынан асқан кезі еді, құрметті демалысына кететін бол-

ды. Сол кезде мені республикаға қызметке шақырып, әрі-сәрі күйде ойланп жүргентімін. Қала әкімі Жұмабаев Ибаддин қаржы бөлімін басқаруды қолға алып, бірлесіп жұмыс істеуге шақырды. Сонымен 1997 жылдың 13 мамырынан бастап қалалық қаржы бөлімін басқаруға кірістім. Қарағандыны дағдарыс жағдайынан шығаруға көбірек мүмкіндік беру үшін бізге қаржы жағынан «белбеуді тарта отырып» жұмыс істеуге тура келді. Осы жағдайға байланысты Жезказған мен Сәтбаев қалаларының әкімшілігі бөлек болғанымен бюджеті бірге болды. Біз қанаттас қаланың әлеуметтік сала қызметкерлерінің жағдайына нұқсан келмеуін көздеп қаржыландыруды ең әуелі Сәтбаевтан бастайтынбыз. Алайда, бюджеттік мекемелерде айлық алмай қалу деген жағдай болған жоқ. Сол кезеңде екі қаланың бюджетінің көлемі 2 млрд. теңгеге жетпейтін. Ал, қазірде Жезказған қаласы бюджетінің өзі 33 млрд. теңгенің үстінде. Сол уақыттағы күрделі жағдайдан қала басшылығының іскерлік көмегіне сүйеніп, бірлесе жұмыс істеу нәтижесінде үш-төрт жылдың ішінде ойдағыдай шықты. Кейін Сәтбаев қаласына дербес өз бюджеті берілді. Осы жылдар ішінде экономика өрледі, қаржы жағдайы нығая түсті. Осының барлығы төл теңгеміздің тегеуріні арқасында жүзеге асып келе жатқанын айтқанымыз жөн.

– **Теңгенің тұзғыры тұрақты болуы еліміздің экономикалық жағдайына да байланысты ғой. Бірнеше рет шарпыған әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстарын да аман-есеп бастан өткердік. Қазіргі пандемия індеті тұсындағы күрделі жағдай да кім-кімге болсын үлкен сынақ болуда. Айеке, өзіңіз қалай ойлайсыз, доллардың бағамына сәйкес бір құлдырап, бір көтеріліп тұрған теңгеміздің**



тегеурінін күшейту жолында алдағы уақытта не істеуге болады?

– Біздің екі жағымызда тығыз байланысып отырған екі алып мемлекет бар. Сауда-саттығымыздың басым бөлігі де осы Қытай мен Ресей арқылы жүзеге асып отыр. Сондықтан біз долларға тәуелді болып байлана беруден арыла бастауымыз керек. Теңгеміз жақын шетелдерде де сұранысқа ие. Осы мүмкіндіктің аясын кеңейте түссек. Ол үшін импорттан гөрі экспорттың үлесін арттыруды көздейтін көптеген шаралар қолға алынуға тиіс. Отандық өнімнің үлесін көбейтпей болмайды. Білікті экономистер мен қаржыгерлер осы тұрғыда жұмыс істеп те жатқан болар. Ал, біз жергілікті деңгейде тауар шығару мен түпкілікті өнім өндіруге барынша қол жеткізсек, кейбір өнімдерімізді сыртқа шығарудың жолын тапсақ осы үлкен мақсатқа лайықты үлес қосқан болар едік. Бұл тұрғыда шағын және орта бизнес пен кәсіпкерліктің жанданып, кеңінен қанат жаюының да маңызы зор.

Амандық РАХУЛЫ

## ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ ТАБЫСҚА БАСТАЙДЫ

Тауарлар мен қызметтердің универсалды эквиваленті, яғни негізгі өлшемі саналатын ақша ұғымы әлдеқашан-ақ өміріміздің негізгі мәнінің біріне айналғаны өтірік емес. Қаша жерден рухани байлықты алдыңғы орынға қойғанымызбен ақшасыз тіршілік ете алмайтынымызды жоққа шығара алмаймыз.

Себебі, ақша бүгінгі қоғамдағы негізгі құн өлшемі, адамдар еңбегінің ақысы. Алғашында бір қойға бір қап астықты айыра бастап өмір сүрген адамдар, алтын, күмістің табылуымен монета түріндегі ақшаларды шығара бастады. Әр билеуші өз бейнесін салдырып шығарған монеталар соның дәлелі. Алтынның ақша ретінде айналымда жүруі көп уақытқа созылмады. Зерттеуші ғалымдар алтын I дүниежүзілік соғысқа дейін ғана белсенді айналымда болғанын айтады. Сол кездердегі алтын ақшалар Англия мемлекетінде ғана көптеп шығарылған. Себебі бұл ел отарлаған жерлерде алтынның мол қоры бар еді. Ал алтынны жоқ мемлекеттер алтын ақшаға аса құнттылық таныта қоймады. Ал қағаз ақшаны бірінші болып ойлап тапқандар – қытайлар екен. Жаңалыққа жаны құмар аспан асты елінің 910 жылғы осынау жаңа идеясынан соң өзге елдерде банкноталарға қызығушылық таныта бастаған. Дегенмен қағаз ақшаның да біраз жағымсыз тұстары бар. Солардың бірі – қай елде болмасын жалған ақша жасаушы алаяқтарды кездестіруге болады. Негізінен әр мемлекеттің төл, ұлттық ақшаларының өзіндік ерекшелігі болады. Сол ережелерге сүйене отырып шынайы банкнотаны тауна болады.

Сауып ішер сүті жоқ, Мініп көрер күші жоқ, Ақша деген мал шықты, – деп «Зар заман» ақыны Шортанбай шошына жырлаған орыс ақшасы қазақ даласына алғаш рет XIX ғасырдың басқы тұсында келе бастаған. Дегенмен орыс халқының өзі де жалпы ақша деген түсінікпен Алтын Орданың қоластында болғанында танысқанын ұмытпағанымыз абзал. Күмістен, мыстан құйылған құйма тиындарды Алтын Орда мемлекетінде «пұл» деп атаған. Кейіннен бұл атауды орыстар «деньги» деп өзгерткен. Басында «деньга» деп қолданылған бұл сөздің этимологиясы түркілердің «теңгесінен» шыққаны тағы бар.

Жоғарыда атап өткеніміздей, жалған ақша жасайтындар әлі күнге дейін бар. Көбіне жемтігі ретінде – балаларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды, зейнеткерлерді тандайтын олардың құлығына құрық бойлау қыныға соғады. Жалған ақша жасағыштардың біздің елімізде де саны артып отыр. Мысалы, соңғы уақытта жалған 5000 теңге көп жасалыпты. Алаяқтардың қақпанына түспеудің басты амалы – шын ақшаны дұрыс ажырата білу. Ол үшін мына қағидаларды есте сақтап алсаңыз жақсы болар еді. Кез келген жағдайда банкнотты ұстап, сипап көріңіз. Шын ақшаның шытыры мен сықыры да ерекше емес пе?! Түпнұсқада арнайы бедерлі мөр болады. Бұл бедерді «Қазақ елі» монументі, банкнот номиналының әріппен жазылуы, сәулет өнері туындылары, Қазақстан картасы және «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу бар жерлерден байқауға болады. Сондай-ақ, банкноттарға саусақпен сипағанда білінетін, зағип жандарға арналған бедерлі элементтер салынады. Түпнұсқа ақшаның

боюы да қанық болуы тиіс. Суаңба және саммен жазылған номиналды көру үшін банкнотқа жарық түсіріп көріңіз. Тұтас магнитті үзік жіпке де назар аударыңыз. Сырт көзге үзік-үзік сызық болып көрінетін бұл элементке жарық түсіргенде, біртұтас екені әрі бетіндегі жазулары анық байқалады. Енді банкнотты қисайтып қараңыз. Номиналы 1000, 2000, 5000, 10000 және 20000 теңгелік банкноттарда түсі құбылып тұратын суреттер бар. Банкнотты қисайтып қарағанда, суреттер жасыл түстен алтын түске құбылады. Номиналы 2000 және 5000 теңгелік банкноттардың бір жағында голографиялық жолақ бар. Голограммдағы бейнелер құбылып тұрады және олардың динамикалық әсерін байқауға болады деген ережелер де келтірілген болады.

Мамандар зерттеуінше, қазақстандықтардың жартысынан астамы – қаржылай сауатсыз. Құнды қағаздар, қор нарығы, акция, дивиденд, инвестиция, қаржылық сауаттылық, брокер, диджар деген терминдерді кез келген адам түсінбесі белгілі. Дегенмен, экономист маманның көмегіне сүйеніп отырғаныңыз артық етпейді. Қазақстандықтардың қаржылай сауатсыздығы білінетін кез – несиелерді тұрады және олардың динамикалық әсерін байқауға болады деген ережелер де келтірілген болады.

2002-2003 жылдарда АҚШ, Ұлыбритания, Австралия сияқты мемлекеттерде халықтың жаппай қаржылық сауатын ашу мақсатында ұлттық бағдарламалар қолға алынды. Шетелдерде банк несиеге ақша берерде несие алушыны алдымен оқытады. Ақшаны қайда, қалай жұмсайсыз, одан қандай табыс табасыз деген сұрақтарға тиынақты жауап бергенде ғана несие беріледі. Қазақстан халқының үштен бірінің банктерге қарыз екені осындай өркеніетті елдердегідей тәжірибенің жоқтығынан да шығар.

Қазақстандықтардың соңғы кездері жиі тұтылып жүрген жері – қаржы пирамидалары болып отыр. Нақты бизнес жобасынан айырмашылығы – төлем жасау көзі болып табылатын қаржы пирамидаларына ақша салып, кейіннен бармағын тістеп қалғандар саны аз емес. Мысалы, осыдан бірер апта бұрын ғана «Q-net» компаниясына алданып, зар жылаған жерлестеріміз осының дәлелі. Бүгінгі заманда тегін олжа болмасы анық. Көп мөлшердегі жарна салып, үстіндегі уақытша пайызға мән болып, үйін, көлігін сатып жібергендер де аз емес. Мұндай пирамида құрушы алаяқтарды табу да оңай емес. Сол себепті, кез келген қаржы ұйымының құжатын, лицензиясын тексеру керек. Осы тұста «Тегін ірімшік тек қақпаңда болады» деген сөзді ұмытпағанымыз жөн-ау. Не дегенмен, адал еңбекпен келген асқа не жетсін!?

Ай СҮГІР

## СПОРТ НЫСАНДАРЫ ЖАҢАРДЫ



**Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасының әлеуметтік-мәдени нысандарды күрделі және ағымдағы жөндеу, реконструкциялау және салу атты бірінші бағыты аясында еліміз бойынша жүзеге асырылған 2703 жобаның ішінде Жезказған қаласындағы «Ұлытау» спорт сарайы мен «Металлург» стадионы да бар. Аталмыш спорт нысандарының жөндеуіне қаражат облыстық бюджеттен қарастырылған.**

– Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде 2010 жылы пайдалануға берілген «Ұлытау» спорт сарайының шатыры, «Металлург» стадионының футбол алаңы мен жүгіру жолағын жөндеуден өткізу мүмкін болды. «Ұлытау» спорт сарайының стандартқа сай емес пандусы да қайтадан жасалғанын айта кету керек. 3 млн 943 мың теңге қарастырылған пандус құрылысын мердігер «Экострой-2015» ЖШС жүргізді. Төбе жамылғысын ауыстыру мердігер «А.Ж.А.Р-4» ЖШС жүктелді. Бұл мақсатқа 9 млн теңгеден аса қаржы жұмсалды, – деген Жезказған қаласының мамандандырылған олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер мектебі басшысының орынбасары Бауыржан Қынабаев жұмыспен қамтудың жол картасының жобаларын іске асыру кезінде отандық өндірушілердің кемінде 90% тауарлары мен қызметтерін қолдануды қамтамасыз ету ерекше шарт болып табылатынын айтты.

Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламаның жұмысшылардың кем дегенде жарты-

сы халықты жұмыспен қамту орталықтары арқылы алынуы тиіс деген талабы тағы бар. Мердігерлер осы талаптардың барлығын орындауға баса назар аударыпты. «Металлург» стадионындағы жөндеуге қатысқан 19 адамның тоғыз жұмыссыз жезказғандықтардың қатарынан алынаса, спорт сарайындағы жөндеуге жұмыспен қамту орталығынан екі жұмысшы тартылған.

Мамыр мен қазан аралығында аумағы 110х70 метр болатын футбол алаңы мен 400 метр 4 жолақты жүгіру алаңын мердігер компания «Ever» ЖШС жаңартқан. Мердігер ойын алаңына 5 см-лік жасанды қоғал төсеп, жүгіру жолағын резеңке үгіндісінен жасаған. Жобаның құны – 84 млн 239 мың теңге. Жөндеу жұмыстардың барлығы белгіленген уақытта аяқталған.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен биыл ел аумағында жүзеге асырылып жатқан «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында 255 жұмыс орны құрылмақ. Бүгін-



де жол картасына кірген 6,5 мың жобаның 5,3 мыңы басталып, 103 мың жұмыс орны ашылды. Аталған мемлекеттік бағдарлама шеңберінде мысты өлкеде 40 жоба қолға алынып, оның 28-і толық аяқталған. Ашылған 1042 жаңа жұмыс орнының 550-і жұмыссыз жезказғандықтарға арналады. Бүгінде жұмыспен қамту арқылы жұмысқа алынғандардың саны – 528.

Өз тілшіміз

## АУЫЛ КӨРКЕЮДЕ



**2020-2021 жылдарға арналған «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасының шарапаты ауылдарға да тиіп жатқанын айтпай кетпеуге болмас. Кеңгір селолық округінің өзінде биыл осы бағдарлама аясында 9 жоба жүзеге асырылды.**

Мемлекеттік бағдарлама аясында сәтті жүзеге асырылған жобаларға келер болсақ, Кеңгір селосы мен Теректі стансасы энергия тиімді жарықтандырумен қамтамасыз етілді. Энергия үнемдейтін шамдардың 54 бағанын стансаға мердігер «Атакент» ЖШС бір айдың ішінде орнатса, Кеңгірді жарықтандыру «Горэлектросеть» ЖШС-ға жүктелді. Мердігер село көшелеріне 18 дана жарықтандыру бағанын орнатып, істен шыққан 58 шамды ауыстырған.

Тұрғындардың кәсіби әлеуетін іске асыру және жұмысқа орналасуда көмек көрсетуді мақсат еткен «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында Кеңгір селолық округі бойынша бірқатар жобалар жүзеге асырылды. Көшелер жарықтандырылып, көріз жүйесі мен ауыз су жүйесі ағымдағы жөндеуден өтті. Балалар ойын алаңқайы орнатылып, Қорғанбай ауылына баратын жол жөндеді. Теректі стансасының мәдениет үйі жөнделіп, 80 оқушыға шақталған жаңа мектептің құрылысы басталды. Осы



жобаларды жүзеге асыруға 100-ге тарта жұмыссыз тартылды, – деген Кеңгір селолық округінің әкімі Қанағат Жанпейісов мемлекеттік бағдарлама ауыл тұрғындарының енесін бір көтеріп тастағанын жеткізді. Расында балалар ойын алаңы, Қорғанбайдың жолы, Теректі стансасындағы апатты мектептің мәселесі шешімін таппай жүрген еді.

Мердігер «Мукашев Қ.Т.» ЖК кеңгірлік балаларға 2 ойын алаңын орнатса, «Медет» ЖК жұмысшылары екі ай бойы Кеңгір ауылындағы көріз және су құбыры желілерін ағымдағы жөндеуден өткізген. ЖЭО-нан Қорғанбай селосына дейінгі ұзындығы 30 шақырымды құрайтын жолды орташа жөндеуден өткізуге 720 млн теңге бөлінген. Маусым-тамыз аралығында жол жөндеу жұмыстарын жүргізген мердігер «Алмас Құрылыс» ЖШС барлығы 168 адамды жұмыспен қамтыды. Оның ішінде 84 жұмысшы жұмыспен қамту орталығы арқылы қабылданған.

Жоғарыда аталған жобалардың тапсырыс берушісі – Жезказған қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі. Бұл мекеме биыл «Жұмыспен қамтудың жол картасын» дамытудың 2020-2021 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде республикалық қазынадан бөлінген 1 млрд 850 млн 607 мың теңгеге 29 жобаны жүзеге асыруға тапсырыс берген. Жұмысқа орналасқан 390 адамның 195-і – жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген тұрғындар.

Бота ШАЛҚАР



## COVID-19 КІРЕБЕРІСТЕР ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРЫЛДЫ

**Індет кезінде қала азаматтарының денсаулығы үшін залалсыздандыру жүргізуі өте маңызды. Қаламыздағы көпқабатты үйлердегі тазалық жұмысын да жіті ескерген абзал. Бұл жерде жауапкершілік ең алдымен ПИК басшыларына артылатыны белгілі. Тұрғын үйлерге залалсыздандыру жұмыстарын жеті ұйымдастырып тұратындардың бірі – «Надежда-1» ПИК-і.**

Тұрғын үйлердің кіреберістерін, баспалдақтарды мұқият дезинфекциялап тұрған жөн. Не дегенмен, адам көп жүретін жерде қауіп те молырақ болатыны сөзсіз. Бізге залалсыздандыру құрылғысы мен қорғаныш киімі әкімдік тарапынан беріледі. Қалған жұмыстарды ПИК қызметкерлері атқарады. Біз дихлормен залалсыздандыру жүргізудеміз, – дейді «Надежда-1» ПИК басшысының орынбасары Маргарита Селиванова.

25 пәтерден тұратын Есенберлин көшесі, 25 мекен-жайынан басталған тазалық жұмыстары одан әрі Есенберлин көшесі, 27, 29, Мұса Жәлел көшесі, 14, 16-үйлерінде жалғасын тапты.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН



ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: СЕНИМГЕ – СЕРПІН!

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ РӨЛІ АРТАДЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы қазіргі жағдайда еліміздің дамуының жаңа кезеңіндегі бағыт-бағдарын негіздеп, нақтылап берді.



Соның бір бағыты мемлекеттік бақылауға балама ретінде қоғамдық бақылау институтын қолдау және дамыту қажеттігіне екпін түсіріліп айтылды.

шникізат базасын нығайту мақсатындағы геологиялық зерттеу жайы, қаланың қысқы жағдайға дайындау жөніндегі мәселелерді қарай алмадық.

томобиль жолдары бөліміне тиісті көмек жасауды ұсындық. Шағын және орта бизнестің бүгінгі жағдайы мен оларды қолдау шаралары да қоғамдық кеңес мүшелерінің талқысына түсті.

Ботаника бағында 2019 жылы небәрі 8 адам істесе, 2020 жылы саны күрт өсіп 24-ге жетті. Енді кезекте тұрған мәселе Қ.Сәтбаевтың ұсынысымен Қаз ССР Ғылыми Академиясының Жезқазған-дағы көшпелі сессиясы қабылдаған ботаникалық бақты Кеңгір көлінің жағасына көшіру жөніндегі ғылыми мақсатты іске асыру болып тұр.

Қоғамдық кеңестердің орыны мен рөлі арттырылатын болады. Оларды квазимемлекеттік секторда да құру қарастырылады. Қоғамдық кеңестер мемлекеттік сатып алу комиссияларының жұмысына белсенді қатыстырылатын болады.

Солай болса да төтенше жағдай жарияланғанша қала әкімі Қ.Бегімовтың есебін, «Қазақмыс» Энерджи ЖШС тұрмыстық қалдықтарды өңдеуді шешу үшін биоэлектростанция салу жөніндегі хабарламасын тыңдалық.

Қоғамдық кеңестің мүшелері С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма театрының актерлерімен кездесті. Кешегі даңқы жаңғырып тұрған театрдың творчестволық ұжымында бұрынғы әртістер кетіп, ұрпақ ауысып, орнына жастар келген.

Бүгін мүгедектердің құқығы және әлеуметтік тұрмыс жағдайына байланысты ҚР Заңнамаларының сақталуы жөнінде ұсыныстарымыздың біразы орындалып жатқанын атап өтуге болады.

Президент «олар әрқашан мемлекеттің ерекше назарында болуға тиіс» деп атап көрсетті. Осы ретте Жезқазған қаласының қоғамдық кеңесі мүшелерін мемлекеттік заңды тұлғалардың сатып алу комиссияларының құрамына қосу жөнінде ұсыныс білдіріп, жыл соңына дейін мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өкілін қоғамдық кеңес құрамына енгізудің мүмкіндігін қарастыруда.

Қаланың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, білім, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен, ауызша арыздарымен жұмыстың жай-күйін талқыладық.

Болашақ халықаралық Жезқазған-Ұлытау туристік өңірінің ландшафтын жаңғырту, қаламызды көгалдандыру, 90 жылда жинақталған құрып бара жатқан, сирек кездесетін өсімдіктер питомнигін сақтау Қ.Сәтбаев ұйымдастырған қала ботаникалық бағының жұмысын жандандыруды талап етіп отыр.

Әрине, бұл Президент Қ.Тоқаев қойып отырған міндеттерді орындаудың шағын бөлігі ғана. Ал, күтіп тұрған іс бұдан бірнеше есе көп. Біз, қоғамдық кеңес мүшелері елімізді дамуың жаңа бөлесіне бастап тұрған Жолдау жүктеген міндеттерді жүзеге асыруға атсалысуға дайынбыз.

Қалалық мәслихат қоғамдық кеңес құрамын 2019 жылы наурызда бекіткенін білесіздер. Осы аралықта кеңестің 16 мәжілісі өткізілді, оның 7-уі 2020 жылы өтті. Жүзден астам қала өміріндегі өзекті мәселелерді талқыладық, ұсыныстар бердік.

Қаланың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, білім, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен, ауызша арыздарымен жұмыстың жай-күйін талқыладық.

Сағиыдық ҚОЖАМСЕЙТОВ, Жезқазған қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы

COVID-19
Ухань коронавирусы деп аталатын жаңа COVID-19 вирусы алғаш рет 2019 жылы тарайды. Бастапқыда онымен балық базарына барған адамдар ауырды. Олар ауруды жануарлардан жұқтырды деген болжам бар, бірақ қандай жануар екені айтылмады.

САҚТАНУ ЖОЛДАРЫ – ҚАРАПАЙЫМ



Аурудың белгілері өкпе қабынуының және желді респираторлық синдромның ауыр түрінің белгілеріне ұқсас келеді. Коронавирустың белгілері: дене қызуының көтерілуі, тұмау, бас ауруы, жөтел, тамақ ауруы, әлсіздік, іш өту.

Қолды сабындап жуу, сонымен спиртпен сүрту, жөтелгенде немесе түшкіргенде ауыз бен мұрынды орамалмен жауып тұру, тұмау және суық тию белгісі бар адамдармен көп араласа бермеу жолдарын қарастыру, жұмыртқа және ет өнімдерін қайнатқаннан кейін қолдану, үй жануарлары мен жабайы аңдарға көп жақындай бермеу індеттен қорғандық қарапайым әдістеріне жатады.

Әнуар ЮСУПБЕКОВ, «Бексейітова» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының жалпы тәжірибелі дәрігері

САПА – БАСТЫ МІНДЕТ



2020 жылдың 1 қыркүйегінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Мемлекет басшысы өз Жолдауында Қазақстанда мемлекеттік басқаруды жаңа моделі қажет – реформаларды жүйелі жүргізу керек деп мәлімдеді.

«Президентке тікелей бағынатын Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттік құру туралы шешім қабылданды. Мұндай орган бұрын болған. Енді ол қайтадан мемлекеттік басқарудың орталық буынына айналады.

агенттігінің төрағасы Анар Жайылғанова мемлекеттік қызметшілерді қысқарту бос лауазымдар есебінен қамтамасыз етілетінін мәлімдеді. Сондай-ақ, агенттік басшысы қысқарту бюджеттен қосымша шығындарға алып келмейтінін хабарлады.

Сонымен қатар, пандемия шенеуніктердің санын азайту керек екенін көрсетті. Президент қазірдің өзінде мемлекеттік қызметшілер штатын 10% - ға қысқартуға болатынына сенімді. «Биыл оларды 10% - ға қысқарту керек. Ал келесі жылы – тағы 15%.

Сондай-ақ ол жауапты хатшылар институтының тақырыбын қозғады. Олардың ауыстырылмауы министрлерді әкімшілік-қаржы жұмыстарына босатады деп болжады, бірақ іс жүзінде бұл болған жоқ.

АУЫЛДАҒЫ АХУАЛ



Инфекцияның таралуына жол бермеу жөнінде алдын алу шаралары шеңберінде селолық округте барлық жеке меншік нысандар және мекемелер дезинфекция шараларын қатаң сақтайды.

ІНДЕТТІ ТЕК ЖАУАПКЕРШІЛІК АРҚЫЛЫ ЖЕҢЕМІЗ

Талап селосында коронавирус инфекциясының таралуына жол бермей, індеттің алдын алу мақсатында енгізілген карантин талаптары қатаң сақталуда.

Тамасымен, қалалық емханасының қолдауымен ашылған әлеуметтік дәріханада бар. Ауылдың № 14 жалпы орта білім беретін мектебінде бастауыш сынып оқушылары үшін 2020-2021 оқу жылында 8 кезекші сынып ашылған.

саны 41 балаға жетіп отыр. Жоғарғы сынып оқушылары қашықтан білім алады. Мектепте санитарлық талаптар барынша күшейтілген.

Ауыл тұрғындарынан карантиндік режим шараларын мүлтіксіз орындауларын сұраймыз. Әлеуметтік ара қашықтықты сақтау, үнемі маска кию мен қоғамдық орындарға барудан бас тарту, жеке басының тазалығына баса назар аудару Сіздің ғана емес, жақыныңыздың да өмірін қатерлі дерттен сақтап қалмақ.

Қажетті дәрілік препараттардың қоры Жезқазған қаласы әкімдігі басқаруында.

Ғабид БИТЕНОВ, Талап ауылының әкімі





2006 жылы бір топ Қазақстан зиялыларымен бірге Шам елінде және 2007 жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Сирия сапары кезінде делегация құрамында болдым. Уақыт тауып Дамаскінің кітап дүкендерін аралау барысында Әбу Насыр әл-Фарабидің бірнеше еңбектерін, әсіресе оның атакты «Кітаб мусик әл-кабир» – «Музыка жайлы үлкен кітабын» таптым. Ол Каирде жарық көрген екен, тек жылы көрсетілмегені. Көлемі – 1208 бет. Онда шығарма авторы туралы «Әл-Файласуф Әбу Насыр Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан әл-Фараби. Нижранңан 339 жылы қайтыс болған» деп көрсетілумен қатар шархын (түсіндірмесін) жазған Атгас Абд әл-Малик Хашба, редакциясын қараған (мұраджаа) әрі шығарушы (тусудир) доктор Махмұд Ахмад әл-Хифни» деп жазылыпты.

«Музыка жайлы үлкен кітап» Тегеранда да шықты. Ал енді көлемді бұл дүниені Еуропада латын тіліне 1840 жылы Дж. Г. Людвиг Козегартен (1792-1862), италиян тіліне Испания музыкатанушысы Сориаño Ф. Ин (1787-1851), француз тіліне музыкатанушы Р. Н. Ланд (1834-1897) пен француздың тағы бір араб музыкасын зерттеуші ғалымы барон Р. д' Эрланже (1872-1932) өз тіліне аударып жариялады.

Ал зерттегендерден 1844 ж. тағы да Дж. Г. Людвиг Козегартен, 1883 ж. Р. Н. Ланд, 1934 жылдары ағылшын музыка зерттеушісі Н. Дж. Фармер (1882-?), Әбу Насыр әл-Фарабидің музыкалық мұрасы бойынша 1930-1931 жылдары докторлық диссертация қорғаған неміс докторы Е. А. Бейхердт (XX ғ.), Аустриялық музыкатанушы Р. Г. Кизеветтер (1773-1850), Бельгия музыкатанушысы, тарихшы, педагог, сазгер Ф. Ж. Феде (1784-1871), Отырар ойшылының өмірі мен шығармашылығына арналған библиографиялық анықтамалық құрастырған АҚШ-тың Питтсбург университетінің неміс ғалымы Н. Респер (1928 ж. т.), Италия арабтанушысы П. Трипононы (XIX ғ. екінші, XX ғасырдың бірінші жартысы) атау керек.

ҚазҰУ-дің ұстазы, философия ғылымдарының кандидаты шығыстанушы К. Тәжіқова 1992 жылы Әбу Насырдың осы дүниесін «Трактаты о музыке и поэзии». («Ғылым», Алматы 1992, 452 бет), 2009 жылы БЖҒ министрлігі философия және саясаттану институтының академик Ә. Нысанбаев бастаған Ғ. Құрманғалиева, Ж. Сандыбаев секілді ғалымдары оның «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету жайында», «Теология», «Ғылымдардың жіктелуі туралы сөз», «Музыка туралы үлкен кітап» сияқты трактаттарының (Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттар. «Арыс» баспасы, 2009, 648 бет) басын қосып жинақ етіп шығарды. Бұл дүниелердің кейбірі бұрынғыда да орыс, қазақ тілдерінде қысқартулармен жарық көрген.

Ғұламаның туғанына 1150 жыл толуына орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымдар М. Б. Әліпбаева (Әбу Насыр әл-Фарабидің музыка ілімі, Алматы, 2015, 172 бет), Ж. Алтаев, Ә. Құранбек, М. Асқар, П. Сұлейменов, Ш. Әлиев, С. Қайратұлы (Фарабитану. Оқу құралы. Алматы 2019, 139 бет), С. Даукеева (Философия музыка Абу Насра Мұхаммеда аль-Фараби. Алматы: Фонд Сорос Қазақстан, 2002, 352 бет) Отырар кемелдерінің музыкалық еңбектері жайлы зерттеулерін оқушыларға ұсынды.

1973 жылы ЮНЕСКО-ның «Курьер ЮНЕСКО» журналы да (31-34 беттер) Әбу Насырдың аталмыш дүниесінен қысқаша аударма жариялады.

Әбу Насыр әл-Фарабидің мұрасын зерттеуге А. Көбесов пен И. О. Мұхаммед және Б. Я. Ошерович, О. Матякубов (Фараби об основах музыки Востока. Т. 1986) те айтулы үлес қосты.

Әбу Насыр әл-Фарабидің «Музыканың үлкен кітабындағы» («Шығарушыдан» (тусудир) атты мақаласында доктор Махмұд Ахмад әл-Хифни Отырар перзентінің өмірбаянын қысқаша баяндаған. Ол Әбу Насырды Фарабта туып дегенімен, қазақ елінің ол шаһарын Хорасанда деп әбес көрсетіпті.

Әбу Насыр әл-Фараби терең ойлы ғалым, үлкен парасат иесі еді. X ғасырда Еуропа әлі ұйқыда жатқанда көне грек ғалымдарының шығармаларын араб тіліне аударып, оған шархтар және музыканың теориясын жазуы, оны математикамен байланыстыруы шынында да ғажап құбылыс. Әбу Насырдың музыка жайлы аталған еңбегін әлем ғалымдары әлі де түгел әрі терең зерттей алған жоқ. Ол бір жағынан оңай да шаруа емес. Ол үшін араб тілін білу аз. Музыканы, оның тарихын, терминдерін жақсы білу ләзім. Әбу Насырда ол жеткілікті еді. Әйтпесе мұндай аса күрделі дүние жасау оңай шаруа еместігі өзін өзі түсінікті болса керек.

Әбу Насыр ең әуелі «Музыканың үлкен кітабын» жазуға не себеп болғанын айтқан. Оған түрткі болған деп үздік Әбу Жағфар Мұхаммед бин әл-Кархиді атаған.

Әбу Жағфар әл-Кархи (Мұхаммед бин әл-Қасым бин Мұхаммед бин әл-Фадл (934-940 жылдары) билік еткен аббасдық халифа Ар-Ради Биллаһтың уәзірі еді. Әбу Насыр әл-Фараби Мысырда болғанында уәзір Отырар ойшылынан музыка ғылымы жайлы еңбек жазуды өтінген. Әбу Жағфар Әбу Насыр Дамаскіде 950 жылы қайтыс болған соң, 954 жылы дүниеден өткен.

Соған қарағанда Әбу Насыр әл-Фараби «Музыканың үлкен кітабын» Мысырда (Каирде) X ғасырдың 30-жылдары жазған немесе аталған жылдары Каирде бастап

Әбу Насыр әл-Фараби өзі өмір сүрген ғасырға дейінгі және өз тұсындағы ғылымдардың барлық саласына қалам тартқан. Оның философия, логика, математика, физика, педагогика, психология, химия, филология және басқа да ғылымдарға қатысты жазба мұрасы жайлы жасанған ғылымдары оқтын-оқтын сөз етіп қояды. Әйтсе де, Отырар перзентінің музыка жайлы мұрасы көп зерттеле қойған жоқ. Бұл ретте араб елдері мен Еуропа жұрттары, әсіресе Франция ғалымдарының едәуір еңбек сіңіргенін айтқан жөн.



Шамда (Сирияда) яки Бағдатта бітірген деуге болады.

Әбу Жағфар әл-Кархи туралы мәліметті арабтық филолог, тарихшы Салах ад-дин Халил бин Айбек ас-Сафади (1297-1363) «әл-Уафи би-л уафайат» (Бейрут 2010, 4 том, 27 бет) атты еңбегінен таптық. Ас-Сафади аталмыш уәзірді «жомарт, құрметті кісі болған еді» деп жазыпты.

Әбу Насыр уәзір Жағфар әл-Кархи жайлы былай дейді: «Сен байырғыларға тиісті музыка өнерімен танысуды қалайтының жайында маған айтқан едің. Оны оқыған адамға жеңіл болуы үшін түсіндіріп, айшықтап саған (арнап) кітап жазуымды сұрадың. Мен байырғы осы өнер туралы біздерге жеткен және біздің алдымыздағылардың жазған кітаптарымен танысып болғанымша сенің өтінішіңді қидірттім.

Мен онда сенің сұранысыңды қанағаттандыратын және бұрын зерттеліп қойған нәрсе туралы қайта кітап жазуымның қа-

герлерінің музыкаға қатысты еңбектеріне де көп көңіл бөлген. Оны Әбу Насырдың өзі де растайды. Олардың кейбіреулерінің атын атаса, ал бағзыларын байырғылар, ертедегілер деумен шектелген. Мысалы, ол [Евклидтің] «Бастаулар жайлы кітап» атты трактатына сілтеме жасаған. Сондай-ақ ежелгі римдік Клавдий Галенді (Джалинус) де екі жерде атаған. Ал Аристотельдің «Екінші Аналитикасына» 6 рет тоқталған, ойшыл Зенонды да естен шығармаған.

«Музыканың үлкен кітабын» қарай отырып Әбу Насырдың математик Птолемейдің, Феллистінің де еңбектеріне сүйенгенін байқаймыз.

Сонымен «Музыканың үлкен кітабына» қайта оралайық.

Әбу Насыр әл-Фараби әрі қарай аталмыш кітабының екі бөлімін түсіндіруге кіріседі. Қандай да бір теориялық өнер болмасын адам баласының кемелдікке үш жағдайда жете алатынын айта келе ол:

«Бір текті үндер тобы» атты тарауларда сөз болған.

«Музыканың үлкен кітабында» уд, сурнай, танбур, рабаб, шаһруд секілді өзге де аспаптар аталады және олардан шығатын үндер жайлы айтулы да Әбу Насыр ұмытпаған. Осы аспаптар ішінен жиірек аталатыны – уд.

«Музыканың үлкен кітабы» музыкалық-энциклопедиялық шығарма. Онда өнердің атқарар рөлі анықталып, музыканың шығу тегі, орындау өнері, эстетика, музыканы қабылдау психологиясы, әнді, әуенді орындау шеберлігі, музыкалық аспаптардың шығуы секілді музыка өнеріне байланысты өзекті мәселелер сөз болған.

Әбу Насыр әл-Фараби өзіне дейінгі және өз заманы кезіндегі музыкаға байланысты ізденістерге адал баға берген.

Музыкалық жанрлар, музыкалық талант мәселесі де Отырар ойшылы назарынан тыс қалмаған. Ол орындау шеберлігін жетілдіру-

# ӘЛ-ФАРАБИДІҢ



# МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ

жеті болмайтын шығар деп ойлады. Егер бұрын жазылған еңбектер өнердің барлық мәселелерін кемел түрде қамтыса, онда адамның бір кітап жазып, өзінен бұрын белгілі, анықталған нәрселерді өзіне жатыстыруы артық яки болмаса көрсендік немесе ақымақтық болмақ. Тек бірінші [автордың] шығармасында қолданылған сөздер немесе басқа да нәрселер түсініксіз болған жағдайда екінші адам бірінші [автордың] айтқан және көрсеткен жолымен жүріп, оларды түсіндіреді әрі жеңілдетеді. Сондықтан өнерді кемеліне жеткізу еңбегі бірінші адамға тиесілі, ал екінші адамның артықшылығы анағұрлым қиын, түсініксіз нәрселерді түсіндіргені мен жеңілдеткені үшін ғана. [Алайда мен ертедегілердің еңбектерін көріп], олардың барлығында [музыка] өнерінің толықтай зерттелмегенін білдім. Онда айтылған көптеген теориялық ғылымдарға үйлесімді баяндау мен айқындық жетіспеуі байқалды.

Бұл өнердің ертедегі теоретиктері – олардың шеберлігін, ғылым оқуға деген құштарлығын, оны басқа ыңғайлармен жоғары құрметтеулері мен ақылдарының парасаттылығын ескере тұра, олар бұл өнердің кемелдігіне жете алмады деген ойдан аулақ (пын). Ғылым ұзақ жылдар бойы [ұрпақтан-ұрпаққа] үздіксіз беріліп және кейінгілердің өздерінен алдыңғылардың жасағандарына ой жүгіртулері арқасында артып келген. Ертедегілердің осы өнер жайындағы кемеліне жеткен кітаптары жоғалып немесе араб тіліне толықтай аударылмаған болуы мүмкін. Осыған сәйкес мен сенің талабыңды орындауды қажет деп таптым», дейді Әбу Насыр әл-Фараби.

Әбу Насыр әл-Фараби «Музыканың үлкен кітабын» уәзір Ахмад әл-Кархидің өтініші бойынша жазғанын ортағасырлық Ибн Әбу Усайбна (1203-1270) да растайды. Ол атакты «Уйуну-л анба фи табақат әл-атиба» – «Дәрігер топтары жайлы жана-лықтардың қайнар көзі» атты еңбегінің «Шамнан шыққан дәрігер» тарауында Отырардың асыл перзенті «Музыканың үлкен кітабын» уәзір Әбу-л Жағфар Мұхаммед бин әл-Қасым әл-Кархи үшін құрастырған, яғни жазған» дейді.

Әбу Насыр ежелгі грек ғалымдары Аристотель, Птолемей, Евклид секілді даналардың шығармаларына түсіндірме жазумен аты шыққаны белгілі.

Отырар ойшылы «Музыканың үлкен кітабында» да осындай көне грек кемел-

– Біріншісі – оның негізін толық білу;  
– екіншісі – сол өнерде бар заттар негіздерінен қажетті түрде шығатын нәрселерді;  
– үшіншісі – басқа теоретиктердің пікірін байқау, айтылған сөздің дұрысын табу және олардың арасында қателескендердің қатесін дұрыстай білу қабілеттілігі» – дейді де «Музыканың үлкен кітабының» неге екі кітап екендігіне тоқталды:

Отырарлық кемелгер жоғарыда байқағанымыздай өз шығармасында бірнеше өнер істерінің атын атаған. Оларға да назар салайық:

Исхак бин Ибраһим әл-Маусули (Исхак ан-Надим Әбу Мұхаммед бин Ибраһим бин Маймун әл-Маусули – 767-849. Ол халифа Харун ар-Рашидтің (986-809 ж. халифа болған) атакты әншісі, Андалусиялық сазгер, әнші Зирьяб әл-Муганннің (845-?) ұстазы еді. Исхак әл-Маусули Әбу Насырдың бір ғасырдай бұрын өмір сүрген (сахабә әл-мусики) және ақын болатын.

Маки ибн Сурайдж (640-716) Омайдат әулеті билігі кезінде Мекке мен Медианада өмір сүрген әнші, атакты өнер адамы. Араб және парсы музыкасы бойынша өз кезінің өнер және мәдениет қайраткерлерінен дәріс алған.

Мабьад әл-Мадани (Мединелік). Омай-адтық Уалид бин Йазид (680-683) билік еткен жылдары Дамаскіде өмір сүрген, ән өнерінің шебері атануымен аты шыққан дарын. Ал Ибн Сурайдж жайлы: Хайр ад-дин аз-Зирикли. Әл-Ағлам. Қамус тараджим әл-ашфар ар-риджал уа-н ниса мин әл-араб уа-л мустағрибин уа-мустағрикин. Бейрут 2005, 4 том, 194-бетті қараңыз.

– Араб әдебиеті тарихын зерттеуші ливандық әдебиетші ғалым Ханна әл-Фахури (1914-2011): «Арабтарда ән (өнері) ерекше кең таралды. Әсіресе Хиджаз әншілерінің көптігімен даңқы шықты. Солардың арасында белгілілері Туайс ибн Сурайдж және Мабьад еді. Арабтардың ән салу мәнеріне жатқұрттың әншілері – парсылар, гректер үлкен әсер етті. Олар арабтарды бейтаныс гректердің лютнлары және свирьдері, гректердің цитрасы секілді жаңа музыкалық аспаптармен таныстырды. Әдеттегідей жеке (вокал), хордың немесе музыкалық аспаптардың, сондай-ақ билін сүйемелдеуімен ән салу белгісі болатын» дейді.

Иә, «Музыканың үлкен кітабында» музыкалық аспаптар жайлы да сөз етілген. Бұл ретте «Уд аспабындағы табиғи дыбыстар са-

ге де назар аударған. «Вокал музыкасы, халық әнін өнер түрлерінің қайнар көзі», дейді Әбу Насыр.

Енді жоғарыда аталған музыкалық аспаптардың кейбіріне жеке тоқтала кетейік.

Музыкалық аспаптар ішінен ол шаһрудтың тарихына арнайы тоқталған және оны Орта Азиямен байланыстырған.

«Араб мемлекеттерінде құрметке ие аспап ішінде жоғары деңгейге ие музыкалық аспап – шаһруд. Оның ойлап табылғанына көп бола қойған жоқ. Көне замандарда ол белгісіз болатын.

Оны ең әуелі ойлап тапқан Самарқаннан шыққан соғдылық Хулайс бин Ахус. Оны ол әуелдегі Маһ немесе Джабал шаһарында жасап шығарды. Бұл Искандер (Александр, Македонский) тізбесі бойынша 1228, ал арабша (һиджраша) 306 жыл болатын. Содан соң оны ол Согдианаға алып келді. Ол солтүстікте және жетінші ықылымға қатысты жұрттар манын жайлағанына көп бола қойған жоқ. Көне замандарда ол белгісіз болатын.

Оны ең әуелі ойлап тапқан Самарқаннан шыққан соғдылық Хулайс бин Ахус. Оны ол әуелдегі Маһ немесе Джабал шаһарында жасап шығарды. Бұл Искандер (Александр, Македонский) тізбесі бойынша 1228, ал арабша (һиджраша) 306 жыл болатын. Содан соң оны ол Согдианаға алып келді. Ол солтүстікте және жетінші ықылымға қатысты жұрттар манын жайлағанына көп бола қойған жоқ. Көне замандарда ол белгісіз болатын.

Содан соң Хулайс бин Ахус оны өзімен Бабылға (Вавилонияға) алып келді. Ол кезде Согдианада ең күшті араб билеушілері гүмбір кешіп жатқан еді. Содан соң оны алып Бағдалда аттанды. Одан әрі Мысырға жеткізді. Әрі қарай Месопотамия мен Сирияға (Шамға) да апарды. Осы аспапмен (Шаһрудпен) барлық көне елдердің және сол жұрттардың жаңа әуендері орындалды» деп жазған.

Самарқаннан арғы жағы дегенді біз қазіргі Орта Азия (Мауреннаһрдың арғы жағы), мүмкін қазақ елі шығар деп ойлаймыз.

Лютня (бұрынғы замандағы ішекті музыкалық аспап) Танбур (шығыс халықтарының үш ішекті музыкалық аспабы. Оны Әбу Насыр Бағдад және Хорасан танбуры деп екіге бөліп қарастырған.

Арфа, канун – музыкалық аспап, мазамир – сыбызғы, флейта, мизаф – музыкалық аспаптың бір түрі, рабаб – үрмелі аспап, сурнай – керней, үл музыкалық аспап, гипжак (Қыпшақ) – Әбу Насырдың өзі ойлап тапқан (жасаған) аспап делінеді. Бірақ ол жайлы қолымызда әлі әзір жазба мәлімет жоқ.

Уд Таяу және Орта Шығыс, Кавказ, Орта Азия, Сирия мен Мысыр, Греция мен Арме-

ния, Түркия, Иран, Әзербайжан халықтарына да тараған. Кезінде оны Испанияға (Андalusияға) парсы текті әнші, сазгер Зирьяб әл-Муганин апарып таралуына ықпал еткен деседі. Осы елдердің бәрінде де ол уд деп аталады. Ол араб тілінен аударғанда ішек және аққу мойын дегенді білдіреді.

Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығын зерттеген профессор М. С. Бурбаев: «Әл-Фараби философ гуманист сияқты музыка мен оның даму заңдылықтарын тарихи эволюция көзқарасы тұрғысынан қарастырған. Музыка жұртқа үлкен рахат сезім беретіндіктен бағзы бір дарынды адамға немесе жекелеген халыққа емес, барлық замандарда онымен күллі жұрт еңбектенген. Әуендер мен әндер ұрпақтан-ұрпаққа, халықтан-халыққа беріліп отыруына байланысты ғасырлар өту барысында аз-маз молайған.

Әл-Фарабидің еңбектері қайта өрлеу дәуірінде Шығыс пен Батыста ғылым мен музыканың дамуында үлкен рөл атқарған. (Ибн Сина, Сафи ад-дин Джурджани, Роджер Бэкон және т.б.). Мысалы, Ибн Синаның (Авиценаның) «Кітаб аш-Шифасының» («Шипагерлік кітабының») «Музыка жайлы ғылымдар жинағы» Әбу Насырдың «Музыканың үлкен кітабы» әсерімен дүниеге келген.

Ибн Синаның «Музыка жайлы трактаты» Әбу Насырдың (аталмыш еңбегі) сияқты араб халифаты орталықтарында кең мойындауға ие болған. Ол кездері шығыс музыкасының Еуропадан жоғары тұрғандығы сонша ағылшын зерттеушісі Фармер Әбу Насыр мен Ибн Синаның музыка жай-

лы трактаттары «шөлдегі жасыл жайлау сияқты» деп жазғанына қалай риза болмайсың. Бұл бағалай білетін білімді маман, парасат иесінің сөзі десек қателеспейміз.

Ал Ибн Усайбна: «Ол әуезтануды жақсы білетін. Оның (музыка жайлы) еңбегінің тиянақты, тыңғылықты жазылғандығы сондай, оған қосып-алар ештеңе жоқ-ты. Ол керемет әуездік аспап жасап шығарды. Соның иінді жерінен шығатын әуенді тыңдағанда немесе өзі сол аспапта ойнағанда керемет тебіренуші еді» деп еске алады.

Әбу Насырдың бұдан мың жылдай бұрын араб тілінде жазылған «Музыканың үлкен кітабының» толық тәржімасы елімізде әлі жасалған жоқ. Бары – үзік-үзік нұсқалары ғана. Онда түпнұсқадағы түрлі сызбалар, формулалар, ноталар жоқ. Сондықтан да зерттеушілер «Музыканың үлкен кітабы» жайлы толыққанды зерттеулер жүргізе алмай келеді. Мақаланы жазу барысында біз классикалық емес, өшпес дүниенің түпнұсқасы мен түрлі тәржімаларын қатар қарау барысында аудармаларда біраз ақаулықтар барын байқалдық.

1992 жылғы басылымның (452 бет) шыққанына да отыз жылға жуықтап қалды. «Музыканың үлкен кітабының» толыққанды болашақ аудармалары мүмкіндігінше Еуропа, орыс, қазақ тілдеріндегі аудармаларымен де салыстыра отырылып жасалса нұр үстіне нұр болар еді.

Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы да өтіп барады. Алматы, Шымкент қалаларында болмаса оның атымен аталатын даңғылдар мен көшелер көп жерлерде жоқ. Бұған қарап «Әбу Насыр аталмыш бірнеше қала халқына ғана керек пе?», дейді жұрт.

Ескерткіш дегеннен шығады, кемелдердің ескерткіші Алматыдағы оның атымен аталатын университет алдында ғана бар. Ал әл-Фараби даңғылының лайықты жерінде ғалым ескерткіші асқақтан тұрса артықтық етпес еді. Әттен, оның ауылы алыс сияқты. Ондай ескерткіш болашақ ұрпақтар үшін де керек. Біз біртуар энциклопедист бабамызды өз дәрежесінде бағалай алсақ, ол тәуелсіз Республикамыздың атын әлемге танытып, еліміздің беделін арттыра түсер еді. Сол себепті барымызды бағалай, әспеттей білгеніміз жөн.

Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ, ҚР ҰҒА академнің, филология ғылымдарының докторы, профессор «Egemem Qazaqstam»

СҰХБАТ

Сансызбай ҚҰРБАНҰЛЫ:

«ИНТЕРНЕТ АРҚЫЛЫ ПӘТУА СҰРАУШЫЛАР КӨБЕЙДІ»

Назарларыңызға ҚМДБ Ғұламалар кеңесінің мүшесі, шариғат және пәтуа бөлімінің меңгерушісі, республикалық ақпараттық-насихат тобының мүшесі, белгілі исламтанушы-ғалым Сансызбай ҚҰРБАНҰЛЫМЕН өткен сұхбатымызды ұсынып отырмыз.

— Әңгімеізді ҚМДБ «Ғұламалар кеңесінен» бастасақ, Ғұламалар кеңесінің негізгі міндеті қандай?

— Әрине кез-келген кеңес құрылғанда өзіндік алға қойған мақсаттары мен міндеттемелері болады. Сол секілді «Ғұламалар кеңесінің» де өз мақсат-міндеті бар.

Ең алдымен бұл кеңес Ислам негіздеріне сүйеніп отырып, қоғам өмірінде мұсылмандық ұстанымға қатысты туындап отырған өзекті мәселелерге байланысты пәтуалар талқылайды. ҚМДБ-ның жалпы қызмет жүйесі және оның имамдары қызметінің негізгі бағыттарын зерттейді. Уағыз тақырыптары мен жұма уағыздары мәтіндерін бекітеді.

ҚМДБ жанындағы республикалық имамдардың біліктілігін арттыру институты, жоғары оқу орындарын жетілдіруге ұсыныстар енгізеді. ҚМДБ имамдарына мұсылмандықтың дәстүрлі жолы бойынша мақсатты түсініктемелер береді.

Ал міндеттеріне келер болсақ, Исламның негіздерін, шариғаттың ережелерін бұрмалауға, дінаралық араздыққа, ұлтаралық кикілжіңдерге алып келетін пікірлер және шақыруларды болдырмау мақсатында елдегі мұсылмандық ұстаным жағдайына алдын ала талдау жасап, ұсыныстар енгізу; Қазақстан мұсылмандарына ақпараттық және кеңестік көмек беру; мұсылман жамағатының қажеттілігіне байланысты облыс, қала, аудан, елді-мекендерде салынатын мешіттер бойынша пікір білдіру; мұсылмандардың діни жоралғыларының бірізділікке түсірілуі мәселелерін талдау жасау және ұсыныстар енгізу; ҚМДБ-ның басқа діндер мен конфессиялардың өкілдерімен қарым-қатынасының бағыттарына талдау жасау; мұсылмандардың ішіндегі ахуалдың дамуының негізгі үрдістерін қадағалап, ұсыныстар дайындау; шет мемлекеттердің мұсылмандық тиісті ұйымдарымен халықаралық байланыстарды жолға қою секілді өзге де жүктелген міндеттемелері бар.

— Пәтуа шығаруда ең алдымен неге сүйенесіздер?

— «Шариғат және пәтуа» бөлімі пәтуа шығаратын кезде ең алдымен Құран, хадис, ғұламалардың сөздері мен ойларын негізге ала отырып жоғарыда айтып өткен «Ғұламалар кеңесінің» жіті талқылауымен қабылданған фикһи зерттеу жүргізу, нақли зерттеу жүргізу әдістерімен секілді ережелерге сүйеніп отырып үкім шығарады.

— Әрине, мемлекетіміз зайырлы елдер қатарынан болғандықтан тартысты мәселелер кездесіп тұрады. Мысалы, суррогат ана мәселесі. Еліміздің заңнамасына сәйкес өзге адамды суррогат ана ретінде келісіп, балалы болуға рұқсат етілген. Ал Ислам діні бойынша ерлі-зайыптылардың аталық ұрығы мен аналық жұмыртқа жауашуына арнайы түтікшелерде сырттай ұрықтандырып, оны күресек ана қызметін атқаруға ризашылығын білдірген бөтен әйелдің жатырына салуға тыйым салынады. Асыя дінімізде әйел жатыры өзгеге жалға да, ақысыз да берілмейді.

Алайда бұдан басқа ЭКО тәсілімен сәби сүюге болады. Ол емделу жолдарының бірі болып саналады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «Уа, Алланың құлдары! Емделіңдер. Расында Алла әрбір дертті дауасымен қоса жасратты» (Әбу Даууд риваяты). Тек емделудің бұл жолы шариғат аясында болуы тиіс. Яғни, жүкті болуға қажетті «шауәт, әйелдің жұмыртқа клеткасы және жатыр» бәрі бірдей бір ерлі-зайыптылардікі болу керек. Сол кезде ғана рұқсат етіледі. Егер бұл шарттары орындалмай, бөгде әйелдің жұмыртқа клеткасы немесе өзге ер кісінің шауәті немесе жұмыртқа клеткасы өзге әйелдің жатырына қондыру арқылы іске асса, онда ол шариғат бойынша харам болады. Бұл жолдардың кез-келгені зинанын бір түріне жатады.

— Кейінгі шыққан пәтуаларға қысқаша тоқталып өтсеңіз...

— «Кремацияның дініміздегі үкімі», «Импорт арқылы әкелетін ет», «Спирт қосылған тағамдардың, тәттілердің үкімі», «Жүлделі жарыстарға қатысты шариғат үкімі» секілді пәтуалар қабылданды. Бұлардың арасында ең жиі қойылатын сұрақтар – кремация мен жүлделі жарыстардың үкімі. Аталған пәтуаларды fatua.kz сайтынан оқып, танысуға болады.

— Әлеуметтік желіде бір оқырманымыз қызық қойған болатын. Батыс өңірлерде жазды күндері жергілікті уақыт бойынша құптан намазы түнгі 12-ге кіріп, ал таң намазы түнгі 3-те немесе одан да ерте кіріп жатады. Ал оңтүстік пен солтүстікте уақыт басқаша. Осының себебі неде?

— Барлығымызға белгілі – жер шары шеңбер тәрізді. Яғни күн бір жағына ерте сәулесін шашса, басқа жағына күн сәулесі кеште жетеді. Демек жер шарында уақыт белдеулері бар. Осы тәрізді физикалық ерекшеліктердің себеп-салдарын зерттей отырып, ҚМДБ-ның мамандары республикамыздың уақыт белдеулерінің ерекшеліктеріне сәйкес әр өңірге өзіндік намаз уақыттарын бекіткен болатын. Сіз айттып отырған намаз уақытының ерекшеліктері де осы себепті әрқилы болып келеді.

— Көптің көкәйінде жүрген тағы бір сұрақ: Өзге елдерде санитарлық талаптар сақтала отырып жұма намазы оқылып жатыр. Бізде де неге солдай оқысақ?

— Қазақстан аймағында қазіргі дүниежүзілік індеттің қалай тарағанына өздеріңіз кәу болдыңыздар. Бұл дерт қазақстандықтарға өте күрделі сынақтың бірі болды. Көпшіліктің бір жерде шоғырланбауы аса маңызды мәселелердің бірі болып тұрғаны баршамызға мәлім. Осы індет себепті той-шуыл қазақтың қуаныштарына да біраз шектеулер қойылды. Бұл шектеулер мұсылман жамағатының құлшылығы жасайтын мешіттерін де айналдырды.

Осы орайда Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бастамасымен ҚМДБ-ның мамандары мешіттеріміздің санитарлық талаптарды сақтай отырып толық ашылуына әрекет жасап жатқанын баса айта кеткен жөн.

— Қазір діни білімі болмаса да, «құл нұлланы» білетін екі адамның бірі қоз алдымызда пәтуа шығарғын, бір мәселелерге жауап айтқыш болып кетті. Қарапайым



ел тұрғындары діни маңызды мәселелерге бетпе-бет келгенде неге мән беруге мәжбүр есетіміз?

— Айттып жатқан мәселеніз, өкінішке қарай, мұсылмандар арасында жиі болатын жайт. Пәтуа беру өте үлкен жауапкершілік екендігін білген жөн. Тарихқа көз салсақ, тіпті үлкен ғұламалардың өздері кейбір мәселелерде бірден пәтуа бермегенін көреміз. Сондықтан да пәтуаны тек қана пәтуа беруге тағайындалған арнайы адамдардан сұрағаны жөн.

Шариғи үкім немесе пәтуа беруге уәкілетті тұрғанын бойынша табылуы міндетті қасиеттер мен ерекшеліктер әрі үлкен мән берілетін қағидалар мен негіздер бар. Пәтуа сұрамас бұрын пәтуа сұралатын адам әуелі ҚМДБ-ның бұйрығымен жұмыс істеп жатқан адам ба, пәтуаға жауапты маман ба, сол жағын біліп барып сұрау керек.

Айта кетерлігі ҚМДБ шариғат және пәтуа бөлімінің Қазақстанның әр өңірінде жауапты мамандары бекітілген. Нұр-Сұлтан қаласына және келіп, шариғат және пәтуа бөлімінің мамандарымен кездесе алмайтын кісілер өңірлердегі жауапты мамандарға барып, пәтуа сұраса болады.

— Жеке келіп, сұрағын қойып, мәселесін айтатындар бар ма?

— Иә, жеке келіп, сұрақ қоятындар жоқ емес. Негізін интернет арқылы сұрақ қоюшылардың саны басым. Өткен қыркүйек айының өзінде ҚМДБ шариғат және пәтуа бөліміне немесе өңірлердегі жауапты мамандарға жүгінген тұрғындар саны 797 болса, 2193 адам сауалына телефон арқылы жауап алған. Ал әлеуметтік желілер арқылы 1386 сұраққа жауап берген. Осылар бар және республикалық діни ақпарат беру CALL-орталығына тұрғындар хабарласып, көкейде жүрген сұрағын қойды. Бір айдың ішінде пәтуа мамандары барлығы 4826 діни сұраққа жауап берді.

Әрине қазіргі кезең – ақпарат уақыты. Ақпарат алатын неше түрлі құралдар, неше түрлі жолдар бар. Интернеттің пайдасымен қоса, зияның да барын жақсы білеміз. Әсіресе дін саласында да бұл мәселе өзектілігін жоймақ емес. Діни өзекті сұрақтардың жауабын шама келгенше толық қамтумен бірге мүфтияттың ресми парақшасына жариялап, әлеуметтік желілерде де таратып келеміз. Осы орайда қалың көпшіліктің діни өзекті ақпараттарды мұфтыат.kz, fatua.kz және ҚМДБ өкілдерінің сайтынан оқуға кеңес береміз.

— Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңіз үшін көп рақмет!

Сұхбаттасқан Ермұрат НАЗАРҰЛЫ



Бүгінде әлем мұсылмандарының 90 пайызын сунниттер, қалған 10 пайызын шииттер құрайды. Статистикалық есепке сүйенсек, сол тоқсан пайыз сунниттің 87,2 пайызын Матуриди мен Әшғари мектебін ұстанатын «Әрбір сүннет уәл-жамағат» жасамағаты құрайды екен. Ал қалған 12,8 пайыз исламның ішіндегі түрлі азымдарға тармақталады. Әрбір сүннет фиқһта Ханафи, Шафиғи, Ханбали, Малики болып бөліне, сенім мәселесін Матуриди мен Әшғари мектептері қағидалары арқылы таныды. Қазіргі кезде әлемдегі сүннит мұсылмандардың жартысынан көбі (шамамен 53%) Ханафи мазһабын ұстанады. Ал ханафилердің басым көпшілігі Имам Матуридидің бір жүйеге келтірген сенім негіздерін басшылыққа алады.

ИМАМ МАТУРИДИ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Матуриди мектебінің ғұламалары бір жүйеге келтірген иман негіздері – Орта Азия, Түркия, Балқан түбегі, Қытай, Үндістан, Пәкістан аймағындағы мұсылмандар арасында кеңінен жайылған. Әсіресе бұл жүйе түркі халықтары арасында көбірек таралған. Әрине оның ішінде Қазақстан мұсылмандары да бар.

Құран Кәрім мен Ардақты Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сахих хадистерін ұстанып, Алланың елші (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мен оның сахабаларының сенім (ақида) мәселесінде ұстанған жолымен жүріштері «Әрбір сүннет уәл-жамағат» деп атайды. Қазақша «сүннет жұртшылығы және жамағат» дегенді білдіреді. Анас ибн Маликтен жеткен бір хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Шын мәнінде үлкенің адалдығына қосылсаң, бірлікпейсің, егер қарама-қайшылықтарды көрсетсеңдер (дұшар болсаңыздар), міндетті түрде үлкен қара топқа (көпшілікке) қосылаңыздар!» (Ибн Абу Асым, «Әс-сунна») деген өсиеті бүгінде сунниттердің 87,2 пайызын құрайтын Матуриди мен Әшғари мектебін ұстанатын Әрбір сүннет уәл-жамағат жұртшылығын мензейді. Бүгінде айналымда Матуриди мен Әшғари мектебін ұстану дұрыс емес деп, оны адалдығына қосып, тіпті оны Әрбір сүннет уәл-жамағат қатарына жатпайды деп санайтын қате пікірдегі топтар пайда болды. Олардың мұндай көзқарасы жоғардағы хадистегі «міндетті түрде үлкен қара топқа (көпшілікке) қосылаңыздар!» деген Пайғамбар өсиетіне қарсы келеді. Өйткені қазіргі таңдағы үлкен қара топ – сунниттердің 87,2 пайызын құрайтын Матуриди мен Әшғари мектебін ұстанатындар.


Исламда сенімді, илануды – «иғтиқад», сенім жүйесін – «ақида», ал осы салаға қатысты мәселелерді зерттейтін ғылымды «кәләм» дейді. Ақида – дініміздегі басты тұжырымдарды құрайтын сенім жүйесі. Оны иманның негізі, сенімнің өзі десек болады. Иман негізі алты шарттан тұрады, оны «әмәту билләһ» дейміз. Әрбір сүннеттің сенімге (ақида) байланысты саласында алғаш зерттеу жүргізген ғұламалардың бірі 699 жылы Құфада дүниеге келген көрнекті ғалым Иман Ағзам Әбу Ханифа Нұғман ибн Сабит болатын. Иман Ағзам ақидаға байланысты көптеген құнды пікірлер айтқаны белгілі. Әбу Ханифаның ақидаға байланысты «әл-Фиххул әқбар», «әл-Фиххул әсбат», «әр-Рисалә», «әл-Алим уәл-мутағаллим», «әл-Уасия» секілді еңбектер жазған. Осындағы «әл-Фиххул әқбар» кітабын ғұламалар ерекше жоғары бағалады.

Иман Ағзам өмірінің өп бөлігін фикһ ғылымын, яғни шариғат заңын зерттеп, оны бір жүйеге келтіріп, шәкірттер тәрбиелеумен айналысты. Соның нәтижесінде оның мазһабы – құқықтық мектебі құрылды. Ал ақида саласында Құран мен сүннетке сүйенген негізгі жүйені түзіп, өзінің шәкірттеріне, ізбасарларына жол көрсетіп кетті. Сол шәкірттерінің бірі, Әбу Ханифаның (р.а.) еңбектерін жалғастырушы Имам Матуриди болды.

Оның толық есімі – Мухаммад Әбу Мансур Мухаммад ибн Мухаммад ибн Махмуд әл-Матуриди әс-Самарқанди. Самарқандағы көне Матурид ауылында шамамен 862 жылы дүниеге келген. Имам Матуриди мұсылмандардың жүргенін үлкен орын алып, «Имам ул-һуда» (Тура жолдың имамы), «Имам ул-мутақаллим» (Ақида ғалымдарының имамы) деген құрметке ие болды. Имам Матуридидің еңбектерін оқи отырып, оның кілаим, мазһабтар тарихы, фикһ әдістемесі мен тәсіпін саласында өзіндік орны бар ірі ғалым болғанын пайымдауға болады. Еңбектеріндегі тұжырымдары жоғарыда айтылған әрбір сүннеттің басты қағидаларын әрі нақли (Құран аяттары мен хадистерге), әрі ақли дәлелдерге сүйену арқылы жүйелеген. Әсіресе Матуриди мұғтазилә мен шиттік түсініктегі мұсылмандарды қатты сынға алған.

Имам Матуридині Ханафи мазһабын ұстанатын ортада өскендіктен, әрі фикһта, әрі ақидада Имам Ағзам Әбу Ханифаның жолымен жүрген. Сондықтан Имам Матуриди Ханафи мазһабын ұстанып, ақидада Әбу Ханифаның пікірлерін одан ары дамытқан. Содан болар кәләм ғалымдары Матуриди мектебінің негізін қалаушы ретінде Әбу Ханифаны атайды. Ал Имам Матуриди болса, Әбу Ханифаның айттып кеткен негіздерін ақли және нақли (аят пен хадис) дәлелдермен қуаттап, талдап, жүйелеп бір ізге түсіруші ретінде танылған (әл-Баяди, Қәмәлуддин Ахмәд бин Хасан бин Синанәддин, «Ишаратул- мәрам», Мысыр, 1368/1949, 23-бет).

Нижра жыл санауының II ғасырынан бастап пайда болған адасқан мазһабтарға, соның ішінде ақылға көбірек көңіл бөлетін Мұғтазилә мазһабына классикалық әдіспен төтеп беру болғандықтан қиын болды. Мұндай әдіспен әрбір сүннет сенімін қорғау жеткіліксіз еді. Неге десеңіз, классикалық, яғни дәстүрлі әдісте ақыл ақида мәселесінде негізгі рөл атқармайды. Осыдан келіп



«Әрбір сүннет сенімін қорғау жолында жаңа бір әдіске мұқтаждық туды. Яғни иман негіздерін түсіндіруде аят пен хадисе қоса, ақылға да орын беру керек болды. Өйткені логикалық талдаулар жасалып, мәселенің мазмұнын ашу, мақсатын түсіндіре білу қажеттілігі туды. Осы бағытта Матуриди және Әшғари мектептері ақиласыздықты. Имам Матуриди ақида саласында аят пен хадисе қоса, діни түсіндіруде ақылға да қажетті қағида ретінде пайдаланды. Матуридилер бірқатар мәселелерде алғашқы ғұламалардың тәсілін ұстанғанымен, әшғарилерге қарағанда ақылға көбірек жүгінді.

Имам Матуридидің өмір сүрген кезеңі Ислам әлеміндегі сенімге байланысты арпалыстың ең өршіген уақытына тұспа-тұс келді. Мұсылмандардың мазһабқа бөлінгені аздай, сырттан келген яхуди, христиан пәлсафашылары мен дінбасшылары сенімге байланысты түрлі пікір айтып, халықтың санасына көптеген күмәнді мәселе ұялатып, жұртты дел-сал күйге түсірді. Осындай ерте Исламның иман негіздерін қорғау мақсатында ақыл мен қисын қағидаларын пайдалану қажет болды. Нәтижесінде иман негіздерін әрі нақлимен (аят-хадис), әрі ақилмен бекітетін «кәләм» атты жаңа әдіс пайда болды. Мұның латынша ұғымы – теология. Имам Матуриди осы дәуірде шыққан ығиғи мутақаллим, яғни теолог еді.

Имам Матуридині Әрбір сүннет уәл-жамағаттың ғұламасы әрі ұлы имамы болды. Ол жөнінде көптеген Ислам ғалымдары, тарихшылар өз еңбектерінде атап өткен. Соның бірі – Қазақ даласынан шыққан ғалым, 1230 жылдары Алматы қаласында (қазіргі Жаркент өңірі) дүниеге келген Әбу-Фадл Мухаммад ибн Омар ибн Халид (лақаб аты Жамал Қарши). Ол «Мулхакат әс-сурах» («Сурах» сөздігіне толықтырулар) атты еңбегінде: «Жақын кезеңде өмір сүрген Құран тәпсіршілерінің ішінен біздің имамдарымыздың, мырзаларымыздың бірі, «әт-Тәуиләтул – Құран» кітабының авторы – Мухаммад Әбу Жағфар Мансур ибн Мухаммад ибн Мухаммад ибн Махмуд әл-Матуриди әс-Самарқанди Әрбір сүннет уәл-жамағат ғалымдарының ұлығы, тура жолдың биік байрағы (туы), заһид (тәркі дүние, тақуа) имам» деп жазды.

Әбу Мансур әл-Матуриди кәләм және ақида саласы бойынша «Китабут – таухид», «Китабул – мақалат», «Әр-Радлу ала – Қарамита», «Китабу бәни уәхмил – мұғтазилә», «Радлу кітабу уаидил – фуссак лил – Кағби», «Рәдлу усулил – хамса ли Әби Мухаммад әл – Баһили», «Китабу радли тахзибил-жадәл лил-Кағби», «Китабу радли суауил-әдилә лил-Кағби», «Рәдлу кітабул – имам», фикһ негіздері (шариғат заңы) саласы бойынша «Китабул-жадәл», «Махазу әш-шаранғи фи усулил-фикһ», Құран Кәрім тәсіпін бойынша «Тәуиләтул – Құран», «Тәуиләту әһлис-сунна» секілді көптеген еңбектер жазды. Имам Матуридидің елеулі еңбектерінің бірі – Әбу Ханифаның «әл-Фиххул-әқбар» кітабына түсініктеме ретінде жазған «Шарх әл-Фиххул-әқбар» еңбегі. Ұлық имамның жолын қуып, матуриди жүйесі мен әдісін ұстанып Хаким Самарқанди, Садрул-ислам Мухаммад Пәздуани, Әбул Муин ән-Нәсефин, Омар Нәсефи, Әбул Барақат Хафизуддин Нәсефи, Сиражуддин Али ибн Осман әл-Уши, Нуреддин әс-Сабуни, Қамалиддин Мұхаммад ибн Абдулуахид, Қамал Жәлаледдинде Хызырбай, Муртаза Зәбиди секілді ғалымдар үлкен еңбектер жазды.

Ата-бабаларымыз гасырлар бойы Құран мен сүннетке Имам Ағзам Әбу Ханифа мазһабы мен Имам Матуриди сенім мектебін ұстану арқылы амал етіп, ел ынтымағын айрандай ұйытып, оны атадан балаға мұра етіп қалдырды. Ендеше сол мұраны бекем ұстанып, болашақ ұрпаққа аманат күйінде жеткізу – бізге міндет.

Ершат ОҒАРОВ, ҚМДБ төрағасының орынбасары, наип мүфти «Мұнара» газеті, №17, 2020 жыл

СҰРАҚ-ЖАУАП

Имплантация салдыруға бола ма?

Деннің саулығы тіске байланысты. Себебі, тіс бала мен ересек адамның денсаулығына, бүкіл бет-әлпетіне, көңіл-күйіне және мінез-құлқына әсер етеді. Тіс біз үшін үлкен мәнге ие. Өйткені тіс азықты ұстау, тістер ұзу, шайнап, ұсақтау қызметін атқарады. Тісі жоқ адамның сөзі де дұрыс болмайды. Тіс адамның бет әлпетінің сұлулығын қамтамасыз етеді.

Бүгінгі медицина ауру тісті емдеу, тістегі қуысқа пломба қою, тіпті жасанды тіс орнату арқылы адамның 32 тісін орнында сақтап қалуға тырысады. Соның бірі – имплантация. Ол протез секілді алынып-салынып жатса емес. Имплантация – науқас үшін күрделі емес және қатты ауыртыпайтын хирургиялық іс-шара. Яғни, тіс тамырының функциясын өзіне алу үшін, тіс имплантаты жақ сүйегінің үстіне қысқа ота жасау арқылы қондырылады. Содан кейін оған сенімді әрі ұзаққа шыдап беретін жасанды тіс (коронка) бекітіледі. Имплантация тісі жоқ науқастарды сауықтыру мәселесін шешуге, сау күлімісіреуді ұзақ жылдарға сақтауға мүмкіндік береді.

Ислам діні адамзаттың болмысын, денсаулығын сақтайтын және олардан зиянды нәрселерді кетіретін бүкіл себептерді ұстануға бұйырады. Сондықтан, шариғатта жұлынған тістің орнына жасанды тіс орнатуға рұқсат етіледі. Өйткені осы арқылы адам баласы өзіндегі айыпты, зарарды кетіреді.

Ислам діні келмей бұрын Қулаб оқиғасында сахаба Арфажа ибн Асғад (Алла оған разы болсын) мұрны жарақаттанып, күмістен мұрын жасап алған. Бірақ кейін одан жағымсыз иіс шығып кеткендіктен, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оған мұрын алтыннан жасап алуды бұйырған (Тирмизи). Дінімізде ер кісілерге алтынды қолдануға рұқсат жоқ. Бірақ зәрулік жағдайларда ғана шариғатымыз оған рұқсат етеді. Бұған жоғарыдағы хадис дәлел болады.

Сонымен қатар, қайтыс болған адамның жасанды тісі алынып салынатын болса, оны алып қояды. Ал жасанды тісі қондырылған болса, оны сол күйде жерлейді. Өйткені қондырылған жасанды тісі мәйіттен жұлып алумен оған азап беріледі. Пайғамбарымыз бұл жайлы (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Мәйіттің сүйегін сындыру тірі адамның сүйегін сындырған бірдей», – деген (Ахмад, Әбу Дауіт, Ибн Мажә).

Үй сатып алуға жиналған қаражаттан зекет беру міндетті ме?

Зекет – негізгі қажеттілігінен және қарызынан тыс менің-індегі мал-дүниесі нисап мөлшеріне жеткен әрбір ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына толған мұсылман адамға парыз. Ал негізгі қажеттіліктерге жиналған қаражаттан зекет беру міндет емес.

Өйткені мұндай адам бай саналмайды. Қасиетті Құранда: وَمَنْ جَاءَكَ مِنْ أَهْلِ الْيَتِيمِ فَادْرَأْ لَهُ مِنْهُ خَيْرًا مِمَّا رَزَقَهُ يَوْمَئِذٍ يَتِيمًا

«Олар сенен (қайырма) не жұмсайтындары туралы сұрайды. «Артығын (жұмсаңдар) деп айт» деген.

Имам Табари және басқа да ғалымдар жоғарыдағы аятты «Қажетінен артылғанын береді» деп түсіндірген. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

يَنْعَرُ ظَنًّا عَالِيًا يَتَّقِي

«Зекет беру – дәулетті адамға ғана міндетті», – деген. Адам баласы үшін өмірде баспаналы болу – негізгі қажеттіліктің бірі. Осы мақсатқа жету үшін бірнеше жыл белгілі мөлшерде қаржы жинаса, сол қаржыдан зекет беріле ме, берілмей ме деген мәселеге қатысты Ханафи мазһабында екі көзқарас бар. Ибн Мәлк сынды ғалымдар «Баспана негізгі қажеттілік болғандықтан, оған жинаған қаржыдан зекет берілмейді» деген. Яғни кімде-кім өз қаражатын негізгі қажеттіліктеріне жұмсаймын деген ниетпен ұстап отырса, бір жыл өтсе де, одан зекет берілмейді.

Имам Тахтауи негізгі қажеттіліктерге ыстық-суықтан қорғайтын киім, нәпақа, баспана, қару-жарақ, қолөнер бұйымдары, үй жиһаздары, мінетін көлік және ғалымдардың оқитын кітаптарын атаған. Осы нәрселерге арнап қойған қаражаты болса әрі ол бір жыл қолында тұрса да зекет беруге міндет емес деп санаған.

Ал Ханафи мазһабының «әл-Мағарияж», «Бадаиғ» кітаптарында: «Көбіету үшін және нәпақасына жұмсау мақсатында жинап отырған қаражаттан зекет берілмейді», – делінген. Ханафи мазһабының танымал кітабы «Раддул Мухтарда» ибн Мәлаккінің «баспана негізгі қажеттілік болғандықтан, соған жиналған қаржыдан зекет берілмейді» деген пікірі дұрыс көзқарасты білдіреді. Ал «Бадаиғта» және басқа кітаптарда келген мәліметтерді былай түсіндірген абзал: «Егер қаражатты өзіне қажетті нәрселерге жұмсау үшін сақтаса және бір жыл өткеннен кейін қажетіне жасратқан қаражатынан қалаң бәлігі нисапқа жетсе, одан зекет беріледі. Тіпті келешекте жарататын деген мақсатпен сақтап қойған болса да, бір жыл айналған кезде негізгі қажеттілігіне жұмсалмағаны үшін зекет беріледі», – деген.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ғұламалар кеңесінің XXVI отырысында бұл мәселе бойынша мынадай үкімдер қабылданды:

Дүние-мүлкі нисап мөлшеріне жеткен ақыл-есі дұрыс, балиғатқа толған әрбір мұсылман адамға зекет беру – парыз. Баспана негізгі қажеттіліктің бірі болғанды

DÜISENBI

16 QARASHA

**QAZAQSTAN**  
6:05 «Азамат». Д/ф. 6:25 «Мекен». М/ф. 8:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Келін әні». Т/х. 12:00 «Қозыайым». Т/х. 13:00 «ТЕЛЕДРОПЕР». 14:00 «Арпа». 15:00 «Айнамы Айнашым». Т/х. 16:00 «АТАМЕКЕН». 16:30 «Ауылдастар». 17:00 АҚПАРАТ. 17:15 «Қызык екен...». 18:00 «КЕЛІН ӨНІ». Т/х. 20:00 АҚПАРАТ. 20:35 «ASHYQ ALAN». 21:30 «ШАБАДАЛЫ 18». Т/х. 22:30 «ФАТМАҒҮЛ». Т/х. 0:00 «Күзден жүрік». 1:40 АҚПАРАТ. 2:15 «Ashyq алаң». 3:10 «Теледәрігер». 4:00 «Ауылдастар».

ХАБАР

6:00 «Қызык times». 7:00 М/с «Бұба». 7:15 «Удәния сәделк». 9:15 «Қожақал 2». 10:20 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 12:00 Жаналықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Международные эксперты с Алмазом Шарманом». 13:10 «Құжоз гнездо». 14:00 «Дети сеестер». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Аллыстан асыл барамын». 17:00 «Qalaimy». 18:00 «Удәния сәделк». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Баспанға

SEISENBI

17 QARASHA

**QAZAQSTAN**  
6:05 «Азамат». Д/ф. 6:30 АҚПАРАТ. 7:05 «44 МЫСЫҚ». М/х. 8:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Келін әні». 12:00 «Қозыайым». 13:00 «ТЕЛЕДРОПЕР». 14:00 «Тайм ТРЕНД». 15:00 «Шабдалы 18». 16:00 «ЖАН ЖШЛУЫ». 16:25 «Ауылдастар». 17:00 АҚПАРАТ. 17:15 «Қызык екен...». 18:00 «КЕЛІН ӨНІ». 20:00 АҚПАРАТ. 20:35 «ASHYQ ALAN». 21:30 «ШАБАДАЛЫ 18». 22:30 «ФАТМАҒҮЛ». 0:00 «Күміс көмеу». 0:55 АҚПАРАТ. 1:30 «Ashyq алаң». 2:25 «Теледәрігер». 3:15 «Ауылдастар».

ХАБАР

6:00 «Қызык times». 7:00 М/с «Бұба». 7:15 «Удәния сәделк». 9:15 «Qalaimy». 10:20 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 12:00 Жаналықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен». 13:10 «Құжоз гнездо». 14:00 «Дети сеестер». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Аллыстан асыл барамын». 17:00 «Qalaimy». 18:00 «Удәния сәделк». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Аллыстан асыл барамын».

SÄRSENBİ

18 QARASHA

**QAZAQSTAN**  
6:05 «Азамат». 6:30 АҚПАРАТ. 7:05 «Питер Пэн». М/х. 8:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Келін әні». 12:00 «Қозыайым». 13:00 «ТЕЛЕДРОПЕР». 14:00 «Жарқын жүзедесу». 15:00 «Шабдалы 18». 16:00 «Удәна». 16:25 «Ауылдастар». 17:00 АҚПАРАТ. 17:15 «Қызык екен...». 18:00 «КЕЛІН ӨНІ». 20:00 АҚПАРАТ. 20:35 «ASHYQ ALAN». 21:30 «ШАБАДАЛЫ 18». 22:30 «ФАТМАҒҮЛ». 0:00 «Қарамақ жаңалар». 0:50 «Ashyq алаң». 1:35 ФТБОЛ. УЛТТАР ЛИГАСЫ. ПОЛЬША - НИДЕРЛАНДИЯ».

ХАБАР

6:00 «Қызык times». 7:00 М/с «Бұба». 7:15 «Удәния сәделк». 9:15 «Аллыстан асыл барамын». 10:20 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 12:00 Жаналықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен». 13:10 «Құжоз гнездо». 14:00 «Дети сеестер». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Аллыстан асыл барамын». 17:00 «Qalaimy». 18:00 «Удәния сәделк». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Баспанға бағыт». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Аллыстан асыл барамын».

BEISENBI

19 QARASHA

**QAZAQSTAN**  
Профилактика **03:00-17:00**. 17:00 АҚПАРАТ. 17:15 «Қызык екен...». 18:00 «КЕЛІН ӨНІ». 20:00 АҚПАРАТ. 20:35 «ASHYQ ALAN». 21:30 «ШАБАДАЛЫ 18». 22:30 «ФАТМАҒҮЛ». 0:00 «Күміс көмеу». 0:55 АҚПАРАТ. 1:30 «Ashyq алаң». 2:25 «Теледәрігер». 3:15 «Ауылдастар».

ХАБАР

Профилактика. 17:00 «Qalaimy». 18:00 «Удәния сәделк». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Аллыстан асыл барамын». 22:20 «Тұнышқан сезім». 23:20 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 1:00 «Әсем әуен».

JUMA

20 QARASHA

**QAZAQSTAN**  
6:05 «Азамат». 6:30 АҚПАРАТ. 7:05 «Питер Пэн». М/х. 8:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Келін әні». 12:00 «Қозыайым». 13:00 «ТЕЛЕДРОПЕР». 14:00 «Егіз лебиз». 15:10 «Шабдалы 18». 16:10 «ИМАН ӨЗЕГІ». 16:40 «ӘЛЕМ АЙНАСЫ». 17:00 АҚПАРАТ. 17:15 «ТӨЛІМ ТРЕНД». 18:00 «КЕЛІН ӨНІ». 20:00 АҚПАРАТ. 20:35 «ASHYQ ALAN». 21:30 «ШАБАДАЛЫ 18». 22:30 «ФАТМАҒҮЛ». 0:00 «PARASAT MAIDAN». 0:30 АҚПАРАТ. 1:05 «Ashyq алаң». 1:55 «Теледәрігер». 2:45 «Әлем айнасы». 3:05 «Ауылдастар». 3:40 «Иман өзегі». 4:00 «Parasat maidan».

ХАБАР

6:00 «Қызык times». 7:00М/с «Бұба». 7:15 «Удәния сәделк». 9:15 «Qalaimy». 10:20 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 12:00 Жаналықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен». 13:10 «Құжоз гнездо». 14:00 «Дети сеестер». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Аллыстан асыл барамын». 17:00 «Qalaimy». 18:00 «Удәния сәделк». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:40 «COVID-19. Халықаралық

SENBI

21 QARASHA

**QAZAQSTAN**  
6:05 «Дала өрнегіміз». 6:30 «Ағырлар үні». 7:00 АҚПАРАТ. 7:35 «Питер Пэн». 8:30 «Күзден жүрік». 10:00 «Келін әні». 12:00 «NUR TILIEU». Сұхбат. 12:35 «ДАЛА ӨРКЕНИЕТІ». 13:00 «Он мен әнші». 15:25 «ЕРГЕЖЕЙШІЛЕР». М/ф. 17:05 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 18:00 «КЕЛІН ӨНІ». 20:00 «MASELE». 20:40 «ЕГІЗ ЛЕБИЗ». 22:30 «ФАТМАҒҮЛ». 23:00 «ЕГІЗ ЛЕБИЗ». 23:15 «ФАТМАҒҮЛ». 23:40 «Дашықтан шыққан миллионер». К/ф. 1:45 «Жарқын жүзедесу». 2:40 «Nur tileu». Сұхбат. 3:15 «Masele». 3:55 «Дала өркеніеті».

ХАБАР

6:00 «Ду-дүман». 6:50 «Қарашынарақ» атты С. Сейтминай авторлық кеші. 9:00 «Өн-өңін таңу». 9:10 «Мен - чемпионы». 9:40 «Олжала отбасы». 10:20 «Бүгін». 10:30 КИНО. «Афоня». 12:30 Семейное кино. «Снежи любовь». 14:20 «Тұнышқан сезім». 18:30 «Мажик.и.кз». 19:00 «Алтыстар». 21:00 «7 күн». 22:00 «Большая неделя». 23:10 «Құсайыновтар. Өмір жолы».

JEKSENBİ

22 QARASHA

**QAZAQSTAN**  
6:05 «Ұлттық арнада - ұмытылған әндер». 6:25 «Тойағы». 6:50 «Ауылдастар». 7:25 «Атамекен». 8:00 «QSAUYT». 8:25 «Ергежейлілер». М/ф. 10:00 «Келін әні». 12:00 «Егіз лебиз». 14:00 «Дашықтан шыққан миллионер». К/ф. 16:25 «Қаржы барсы туралы аңыз». М/ф. 17:10 «ҚЫМБАТ ЖАНДАР». 18:00 «КЕЛІН ӨНІ». 20:00 «АРТА». 20:50 «ЖҮЗДЕН ЖҮІРІК». 22:30 «ФАТМАҒҮЛ». 23:30 «Nazag auda» театрының концерті. 1:30 «Арпа». 2:20 «Тәлім ТРЕНД». 3:05 «Ақсаруы». 3:25 «Ауылдастар». 4:00 «Атамекен».

ХАБАР

6:00 «Ду-дүман». 7:40 «Қазағым-ақ дәстүрі ән кеші. 9:00 «Самовозанне». 9:10 «Я - чемпион». 9:40 «Олжала отбасы». 10:20 «Фро СМРТ». 10:50 КИНО. «Афоня». 12:30 Семейное кино. «Снежи любовь». 14:20 «Тұнышқан сезім». 18:30 «Мажик.и.кз». 19:00 «Алтыстар». 21:00 «7 күн». 22:00 «Большая неделя». 23:10 «Құсайыновтар. Өмір жолы».

бағыт». 21:00 Итоги дня. 21:40 Ток-шоу «Хабарлас». 22:40 «Тұнышқан сезім». 23:30 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 1:00 «Әсем әуен».

АСТАНА

6:00 «Мың алғыс» д/ф. 6:30 «Ән мен әзіл». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Кекеш келін». 11:20 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ұлы ханша». 14:00 М/ф «Бұба». 14:20 М/ф «Маша и медведь». 14:45 «Ментовские войны». 16:00 «Шымыл апынқы хикаялар». 17:00 «Жас қырандар». 18:00 «Белгісіз жан». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы ханша». 0:40 «Жас қырандар». 2:00 ASTANA TIMES. 2:50 «Бірүлді есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Ментовские войны». 4:40 «Қош келдініз». 5:30 «Отбасы».

КТК

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН». 07:30 «МӨССАҒАН. КЗТ». 08:00 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ». 08:30 «САҒЫНШЫ». 10:10 «НАШЕДШЕГО ЖДЕТ ВОЗНАГРАЖДЕНИЕ». 12:10 «ПОСЛЕДНИЙ ДЕНЬ». 16:00 «ЖАНҒАН ҮМІТ». 17:00 «ЖАҚЫНЫМ АЛЫС». 18:10 «КЕКТЕҢ ТУҒАН МАХААБАТ». 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЫ АҚИҚАТ». 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21:40 «ИГРА. РЕВАНШ».

22:20 «Тұнышқан сезім». 23:20 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 1:00 «Әсем әуен».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Кекеш келін». 11:20 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 14:00 М/ф «Бұба». 14:20 М/ф «Маша и медведь». 14:45 «Ментовские войны». 16:00 «Келіндер». 17:30 «Үздік әзілдер». 18:00 «Белгісіз жан». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 0:40 «Келіндер». 2:00 ASTANA TIMES. 2:50 «Бірүлді есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Ментовские войны». 4:40 «Қош келдініз». 5:30 «Отбасы».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07:30 «САҒЫНШЫ». 09:00 НОВОСТИ. 09:40 «ЖЕНА ПОЛИЦЕЙСКОГО». 12:00 «ИГРА. РЕВАНШ». 16:00 «ЖАНҒАН ҮМІТ». 17:00 «ЖАҚЫНЫМ АЛЫС». 18. «КЕКТЕҢ ТУҒАН МАХААБАТ». 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЫ АҚИҚАТ. 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21:40 «ИГРА. РЕВАНШ». 01:25 «ЖЕНА ПОЛИЦЕЙСКОГО. 02. «КЕКТЕҢ ТУҒАН МАХААБАТ». 03:10-04:00 «КАРА ТЕНІЗ».

22:20 «Тұнышқан сезім». 23:20 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 1:00 «Әсем әуен».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Кекеш келін». 11:20 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 14:00 М/ф «Бұба». 14:20 М/ф «Маша и медведь». 14:45 «Ментовские войны». 16:00 «Келіндер». 17:30 «Үздік әзілдер». 18:00 «Белгісіз жан». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Loto 6/49. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 0:40 «Келіндер». 2:00 ASTANA TIMES. 2:50 «Бірүлді есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Ментовские войны». 4:40 «Қош келдініз». 5:30 «Отбасы».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07:30 «САҒЫНШЫ». 09:00 НОВОСТИ. 09:40 «ЖЕНА ПОЛИЦЕЙСКОГО». 12:00 «ИГРА. РЕВАНШ». 16:00 «ЖАНҒАН ҮМІТ». 17:00 «ЖАҚЫНЫМ АЛЫС». 18.10 «КЕКТЕҢ ТУҒАН МАХААБАТ». 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЫ АҚИҚАТ. 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21:40 «ДЕВЯТЬ ЖИЗНЕЙ. 01:50 «КАРА ТЕНІЗ». 02:50-03:00 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».

22:20 «Тұнышқан сезім». 23:20 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 1:00 «Әсем әуен».

АСТАНА

17:00 «Келіндер». 17:30 «Үздік әзілдер». 18:00 «Белгісіз жан». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 0:40 «Келіндер». 2:00 ASTANA TIMES. 2:50 «Бірүлді есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Ментовские войны». 4:40 «Қош келдініз». 5:30 «Отбасы».

КТК

Техническая профилактика. 17:05 «ЖАҚЫНЫМ АЛЫС». 18.10 «КЕКТЕҢ ТУҒАН МАХААБАТ». 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЫ АҚИҚАТ». 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21:40 «ДЕВЯТЬ ЖИЗНЕЙ». 01:50 «ЖЕНА ПОЛИЦЕЙСКОГО». 02:30 «КЕКТЕҢ ТУҒАН МАХААБАТ». 03:30-04:30 «КАРА ТЕНІЗ».

7-АРНА

06:00 Профилатика. 17:10 «Тайны гостежи Кири

сарапшылар Алмаз Шарманмен». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Аллыстан асыл барамын». 22:20 «Тұнышқан сезім». 23:20 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 1:00 «Әсем әуен».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Кекеш келін». 11:20 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 14:00 М/ф «Бұба». 14:20 М/ф «Маша и медведь». 14:45 «Ментовские войны». 16:00 «Келіндер». 17:30 «Үздік әзілдер». 18:00 «Белгісіз жан». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Loto 5/36. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 0:40 «Жас қырандар». 2:00 ASTANA TIMES. 2:50 «Бірүлді есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Ментовские войны». 4:40 «Қош келдініз». 5:30 «Отбасы».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07:30 «САҒЫНШЫ». 09:00 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ». 09:30 НОВОСТИ. 10:10 «БЫЛО ДЕЛО». 11:20 «ДЕВЯТЬ ЖИЗНЕЙ». 16:00 «ЖАНҒАН ҮМІТ». 17:00 «ЖАҚЫНЫМ АЛЫС». 18.10 «КЕКТЕҢ ТУҒАН МАХААБАТ». 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20:00 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ». 20:30 «ПИТ. ТАЙНЫЕ ОПЕРАЦИИ КНБ». 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21:40 «ОТСТАВНИК». 01:30

16:10 «Аллыстан асыл барамын». 19:10 «Қазақондер әлемі: Бізге 60 жыл» бенефисі. 20:10 «Кондлер журналистикасы расследований». 21:00 «7 күн». 22:00 Мегатит. «Облачный атлас». 1:00 «Құсайыновтар. Өмір жолы».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Әзілстан». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Кекеш келін». 11:20 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 14:00 «Q-travel». 14:30 К/ф «Баяқалар». 16:50 «Алдараспан» зңіл-сықақ театры. 18:00 «Белгісіз жан». 20:00 «Биқестер». 20:55 Loto 6/49. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 0:40 «Айдатман Live». 1:50 Той жыры. 2:15 «KazNet». 2:35 «Әзілстан». 2:55 «Ән мен әзіл». 3:25 К/ф «Дол-Фав 5:35 «Отбасы».

КТК

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН». 07:50 «ЖЕК КЕЛГЕН МАХААБАТ». 08:40 «БАЗАР ЖОҚ АЛАҒЫ». 09:35 «KTQweb». 10:00 «СМЕТЯТСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ». 12:20 «ДВОЙНИК». 16:30 «АТАЛАР СӨЗІ». 18:10 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ». 18:00 «КОШЕТИЦ ХИ-ВИП». Н. Абдуллиннің ән-кеші. 21:00 «БОЛЫШЫ

ыновтар. Өмір жолы».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 7:00 «Үздік әзілдер». 7:30 «Q-travel». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 «ТелеВидео. 10:25 «Кекеш келін». 11:55 «Сүлеймен Сұлтан». 13:25 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 15:00 К/ф «Дол-Фав». 17:30 «Алдараспан» зңіл-сықақ театры. 18:00 «Белгісіз жан». 20:00 «Биқестер». 20:55 Loto 6/49. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 0:40 «Айдатман Live». 1:50 Той жыры. 2:15 «KazNet». 2:35 «Әзілстан». 2:55 «Ән мен әзіл». 3:20 К/ф «Баяқалар».

КТК

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН». 07:50 «ФАТМАҒЫМ МАХААБАТ». 09:00 «СЕТЯТСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ». 11:10 «ПРЕДЕЛЬНЫЕ ПИЩИ». 15:00 «АТАЛАР СӨЗІ». 16:30 «РАДУГА В ПОДНЕБЕСЬ». 20:00 «ПИТ. ТАЙНЫЕ ОПЕРАЦИИ КНБ». 21:00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛІ. 22:00 «НУЛЕВОЙ ЦИКЛ». 00:00 «ИНЯЯ РЕАЛЬНОСТЬ». 00:40 «МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ». 01:05 «БЫЛО ДЕЛО». 01:50 «ТРИЛЛІК ТҮЙІКШІЛЕР». 03:15-04:00 «КОРИКЕЛ-2».

01:20 «НАШЕДШЕГО ЖДЕТ ВОЗНАГРАЖДЕНИЕ». 02:50 «КЕКТЕҢ ТУҒАН МАХААБАТ». 03:50-04:50 «КАРА ТЕНІЗ».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:10 «Ү Гү Гү Гәп». 06:45 «Әрестіңін баласы». 07:35 «Элиф». 08:45 «Последний год Королева». 13:00 «Жалдамалы қалыңдық». 14:00 «Азулы әулет». 15:10 «Q-ел». 16:00 «Осколки». 17:10 «Тайны гостежи Кирановичи». 18:15 «Сәна жазни». 20:20 «Жалдамалы қалыңдық». 21:15 «Доктор Мырза». 21:50 «Ата-ана. Бала-шаға». 22:20 «Элиф». 23:20 «Осколки». 00:30 X/ф «Крид-2». 02:50 «Азулы әулет». 04:00 «Элиф». 04:50 «Өз ойым».

ДИДАР

08:00 «Гороскоп». 08:05 «Деректі фильм». 09:05 Таңғы студия каз. 10:05 Таңғы студия сер. 11:00 Фильм «Горычие новости». 13:00 «Жеңіс-75». 13:15 «Шынайы Акбермен». 13:45 Мультфильм. 14:10 Т/с «Практика». 15:00 Күндізгі жаңалықтар. 15:15 Дневные новости. 15:30 Т/х «Әділет алаңы». 16:00 «Хабарландыру». 16:15 «Өмір ірімі». 17:10 Мультфильм. 17:25 Т/х «Асыл арман». 18:00 Paragazzi. 18:30 «Гороскоп». 18:35 «Хабарландыру». 18:45 «Мультфильм». 19:00 Шешімі бар! Ток-шоу. 19:50 «Ұялытұ – Ұялы ұясы».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:10 «Ү Гү Гү Гәп». 06:45 «Әрестіңін баласы». 07:20 «Айна-online». 07:35 «Элиф». 09:00 «Тайны гостежи Кирановичи». 10:15 «Сәна жазни». 12:40 «Элиф». 13:00 «Жалдамалы қалыңдық». 14:00 «Азулы әулет». 15:10 «Q-ел». 16:00 «Осколки». 17:10 «Тайны гостежи Кирановичи». 18:15 «Дәна жазни». 20:20 «Жалдамалы қалыңдық». 21:15 «Доктор Мырза». 21:50 «Ата-ана. Бала-шаға». 22:20 «Элиф». 23:20 «Осколки». 00:30 X/ф «Крид-2». 02:50 «Азулы әулет». 04:00 «Элиф». 04:50 «Өз ойым».

ДИДАР



«Отбасын кітап даналығы нығайтады. Біз бірге оқимыз!» деген мақсатты ата-аналары «Бір отбасы – бір кітап» облыстық акциясын қашықтан өткізіп, Абайдың 175 жылдық мерекесін атап өтуде.



# АКЦИЯ АҚЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛДЫ

Абай ағамыз «Танымның бір тамшысы кітапта, оларға қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа!» деп айтып, балаларды кітап оқуға тартуға әсер ететін ең маңызды әрі басты институт ол – отбасы екенін меңзеген екен. Кітап оқуға деген көзқарас, балалардың оқырмандық мәдениетінің артуы көп жағдайда ересектерден алған үлгіге байланысты болатыны ақиқат. Сондықтан, баланы ұлы Абайдың шығармаларымен сусындатып, бала санасына жеткізе білу біздің ата-ана мен ұстаздар міндетінің бірі.

«Бір отбасы – бір кітап» облыстық акциясының мақсаты – отбасымен кітап оқу дәстүрін қайта жаңғырту. Адамзаттың ой-өрісін, шығармашылық, әлеуметтік белсенділігін арттырудың қуатты құралы болып табылатын кітап оқуды отбасылық құндылыққа айналдыру. Отбасындағы балалардың жан дүниесіне рухани ізгілікті қалыптастырып, кітап оқуға деген қызығушылықты ояту мақсатында гимназияның жоспар құрылып, жоспар бойынша оқушылар, ата-аналар мен ұстаздардың қатысуымен іс-шаралар өткізілуде.

Гимназия жоспарына сәйкес тарих пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Абайдың ұрпақтары» атты 7-8 сынып оқушыларының қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел барысында ұлы ақынның шығармашылығымен таныстыра отырып, ақын шығармаларына жан-жақты шолу жасалды. Оқушылар ақынның қара сөздері мен өлеңдерін мәнмен оқыды. Оқушыларымыз қасиетті қара сөздерден ғибрат алып қана қоймай, өмірлік нұсқау алып. Қазақ сөзінің киесі қонған бұл қара сөздер кез-келгенімізге өмірлік бағыт-бағдар, ақыл қосушы болатын сөзсіз.

Гимназиямыздың 5-7-сыныптар арасында мәнмен оқу сайысы өтті. Акцияға гимназиямыздың «Жыр дария» мәнмен оқу үйірмесінің оқушылары отбасыларымен



қатысты. Жас ерекшеліктеріне байланысты оқушылар Абай Құнанбайұлының аудармалары, поэмаларын мәнмен оқыды. Абайдың аудармалары мен өлеңдері мәнмен оқылып, «Ескендір» поэмасынан үзінділер оқыды.

Оқушылар мен ата-аналардың Ұлы Абайдың өмірбаянымен және табиғат лирикасына арналған өлеңдерімен таныстыру мақсатында, 2-сынып оқушылары мен ата-аналарының қатысуымен «Абай Құнанбаев және табиғат лирикасы» атты әдеби ойын ұйымдастырылды. Абай Құнанбаевтың табиғат лирикасына арналған өлеңдерінен сұрақтар дайындалып, әлеуметтік желі арқылы бір-біріне жолдау арқылы өткізілген өлең ойынға оқушылар мен ата-аналар үлкен қызығушылықпен қатысты.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев туралы тереңірек меңгеру, өмір жолы мен шығармашылығын таныту, адамгершілікке тәрбиелеу, Абай ақынның даналығын, рухани асыл мұраларын насихаттау, құрмет ету

мақсатында «Абай әлемі» поэзия эстафетасы өткізілді. Эстафета 9-10-сыныптарының қатысуымен бастау алды. Эстафетта 10 «ә» сынып оқушылары Абайдың өмір жолын баяндаса, 10 «а» сынып оқушылары «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек», 9 «ә» сынып оқушысы Орзанбай Жангүлім Абайдың «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?», 9 «в» сынып оқушысы Камалова Арайлым Абайдың «Ала қойлар» мысал өлеңі И.А.Крыловтан аудармасын, 9 «б» сынып оқушысы Сейтбек Дінмұхаммед әкесі Алмас Жаухановпен Абайдың «Күз» өлеңдерімен жалғасын тапты.

Ата мен әженің, әке мен ананың бала тәрбиесіне қатысып, табиғат сыйлаған кереметтердің бірі – отбасы құндылығы арқылы сыйластық, жарастық орнатқан ата-аналарымызға алғыс білдіреміз.

Әсем ҚҰРМАНБАЕВА, №8 гимназияның кітапханашы меңгерушісі

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қымбатты да қадірлі, қамқоршы, ақилы жан бауырымыз Асылхан Мұханбетрахымұлы ЕСЕНБАЕВ!

Ердің жасы құтты болсын! Алла өзіне мықты денсаулық, отбасына бақыт, әлемнің бар жақсылығын сыйласын. Алдағы уақытта да тек бақытты күндерің көп болсын.

Ортамызда тірегіміз, панамыз, Әрқашанда қорған болар ағамыз. Сіз бар жерде әлемнің мол шуағы, Шаңыраққа шуақ шашып тұрады.

Ренжітпейсіз үлкенді де кішіні, Жүрегімен түсінетін кісіні. Мынау өмір жұмбақ болып кетер ед, Сіздей болса бар адамның пейілі.

Ердің жасы Елуге де келдіңіз, Алла берген жасқа құлаш сермеңіз.



Бала-шаға қызығына кенеліп, Ортамызда аман-есен жүріңіз.

Ізгі тілекпен: анаң – Құлайша, бауырларың.

## СПОРТ

# ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

Соңғы жылдары айрықша дамып келе жатқан Жезқазған боксшының абыройы кезекті жеңіспен асқақтады.



екінші белбеуді тағыпса деген мақсаты барын жеткізді.

Бұл жолғы алтын белбеудің жөні де бір бөлек. Аймақ тарихында алғаш рет кәсіпқой бокс турнирінде жеңімпаз атанған жастың есімі – Нұрбол СҰЛТАНБАЙ. Алматыда өткен «Алтын Контракт» турнирінің үш кездесуінде де қарсыластарына жойқын соққы берген Нұрболдың бапкері – Туралы Талипов. Бұған дейін әуесқой бокста жүлделі орындарға ие болған ол кәсіпқой бокста да бақ сынап көруді жөн санапты.

– Финалдағы қарсыласым – Алматының боксшысы болды. Ол да осал спортшы емесін дәлелдеп бақты. 8 раундқа дейін жеңімпазды анықтау қиынға түсті. Бақ пен бап қатар шапқан болар, турнирдің алтын белбеуі маған бұйырыпты. Мен бұл жеңісімді барша Жезқазған-Ұлытау аймағының жастарына, замандастарыма арнаймын. Аймақ жастарының қай салада болмасын көш бастай беретініне сенімім мол, – деген Нұрбол желтоқсан айының 20-сында алматылық Мирас Ерғановпен бәсекеге түсіп,

Былғары қолғап шеберін әуесжайдан қарсы алған ата-анасы мен достары, ұстаздары оған ағалық жанашырлық пен қаржылай қолдау көрсеткен Жалғас Төкешов, Асқар Салықбаев және Бауыржан Мұқашов, Марғұлдан Молдашов сынды азаматтарға алғыстарын білдірді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

# АБАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ



Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Маңызын жоймай бұлай тұрсын, заман өзгеріп, қоғамдық санада күрт сапырылыстар пайда болған сайын бұл қазына өзінің жаңа қырларымен жарқырай ашылып, қадірін арттыра түсетінін уақыт айқын көрсетті.

Ақынның туғанына 175 жыл, ал өзінің мәңгі өлмес шығармаларымен халқына сөздің ұлы мағынасында ұстаздық ете бастағанына ғасырдан астам уақыт өтті. Содан бері оның мұрасы елі мен жұртының рухани өміріндегі темірқазығына айналды.

Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында №11 орта мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен онлайн форматты дөңгелек үстел өтті.

Абайдың өмірі мен шығармашылығын, өлең-жырларын, әндері мен қарасөздерін жас ұрпақ бойына сіңіріп, кенінен насихаттауды мақсат

тұтқан шараға ұстаздар мен оқушылар белсене атсалысты. Ұлы ақын туралы әдеби монтажды бейнематериал көрсеткен кітапханашы Райхан Жанатаңқызы оқырмандармен бірге Абай әлеміне саяхат жасады. Одан әрі өлеңге құмар өрендер Абай өлеңдерін мәнмен оқып, жатқа оқыды. «Абай – дана, Абай – дара» атты виртуалды кітап көрмесімен жалғасқан онлайн-кездесу «Желсіз түнде жарық ай» әнімен қорытындыланды.

Райхан ҚАППАРҚЫЗЫ, №11 орта мектептің кітапханашы меңгерушісі

# САҚТЫҚҚА ШАҚЫРДЫ

Коронавирус қарттар үшін аса қауіпті. Сөзсіз малы ауруы барлардың дертін одан әрі қоздырып, өлімге дейін душар ететін бұл індеттің тырнағына жиі ілігетін және одан сауығып кету мүмкіндігі аз жандардың қатарында қарттардың үлесі басым болып тұр.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 60-тан асқан егде жастағыларға бей-берекет жүрісті азайтып, кісі қарасы қалың жерлерге шықпау керектігін айтып дабыл қағуда. Қауіпті дерттің алдын алу мақсатында Жезқазған көшелерінде жүрген қартан кісілерге түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



– Әрине, күнделікті емін-еркін жүріп, той-томалақтан қалмай жүрген қариялар үшін аяқ астынан үйреншікті тірлігін тыйып, төрт қабырғаға қамалуы оңай емес екенін білеміз. Жасы келген сайын үлкен кісілер де бала сияқты болып кетеді ғой. Оларға «үйде отыр» десе көңіліне алып, ренжіп те қалып

жатады. Бүгінгі рейдті Алашахан данғыллынан бастадық. Өсіресе, сауда орталықтары көп С.Сейфуллин көшесі бойында,

аялдамаларда қария кісілер көп жүрді. Біз олармен сөйлесіп, карантин кезеңінде, алдағы уақытта аурудың өршуіне жол бермеу үшін егде жастағылар мен зейнеткерлерге барынша үй жағдайында отырып, оқшаулану қажетін түсіндірдік. Ата-әжелеріміз айтарлықтай қарсылық танытпады. Сонда да тұрғындарға тағы бір мәрте аталған індетке бей-жай қарауға болмайтын ескертіміз келді. – деді түсіндіру тобының мүшесі Жезқазған қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бөлім меңгерушісі Еркін Қуанышов.



Ай СҮГІР

## ТАНЫМ

Бүгінгі қоғамда жұмыссыз өмір сүру оңайға соқпайтыны белгілі. Соған сай әр адам өз қарым-қабілетіне қарай нан тауып жеуге маңықтанады. Белгілі бір мамандықты таңдап, сол сала бойынша еңбек етеді. Дегенмен, әлемде біз біле бермейтін кәсіп иелері де бар әрі оларға төленетін жалақы да жоғары. Солардың біразын назарларыңызға ұсынып көрсек.

# БІЗ БІЛМЕЙТІН КӘСІПТЕР

Жер жүзінде бірнеше ғана адам айналысатын жұмыстың бірі – пингвиндерге қараушы. Бұл кәсіп иелерінің ветеринарияға байланысты білімі болуы қажет. Антарктида да жұмыс істейтін олардың негізгі міндеті – материкке қонған және одан ұшқан ұшақтардан пингвиндерге дыбыс толқынының әсер еткенін-етпегенін тексеріп отыру. Яғни, олар пингвиндерді тізелеріне қойып, денесін қарап шығады.

Көп адам қызыға қарайтын кәсіптің бірі – шоколад дегустаторы. Олардың негізгі міндеті – жаңадан дайындалған шоколадтың дәмін татып, нақты дәмі мен жетпей тұрған тұстарын айтып беру. Олар жылына 30 000 мен 60 000 доллар арасында пайда табады.

Дәм ажырату жұмыстары тек тәтілер құрамына ғана жүргізілмейді. Мысалы, жануарларға арналған дайын тамақтардың да дәмі мен құрамын білу маңызды. Дегенмен, оны сізге үйіңіз-дегі ит пен мысығыңыз айтып бере алмасы анық. Осы тұста арнайы маман-

дар көмегіне жүгінуден басқа амал қалмайды. Бұндай адамдар жануарларға арналған қоректі талғауға етіп, дәмін дөп басып түсіндіріп береді.

«Нос» деп аталатын кәсіп иелерінің күнделікті жұмысы 2-3 сағаттан аспауы керек. Франция елінде аса сұранысқа ие бұл адамдар 2000-нан 10000-ға дейін иісті ажырата білуге міндетті және олар өте жоғары көлемде табыс табады. Сондай-ақ, осынау «иіссізгіштер» жұмысы тек парфюмерияға ғана емес, аса күрделі қылмыстардың бетін ашуда да қолданылады.

Менталитеті біздікінен бөлектеу батыс елдерінде біраздан бері «жылағыш» мамандар көбейіп кеткен. Олардың жұмысы – жерлеу рәсімдерінде құдды өз жақынынан айырғандай зар қағып, «жоқтау» айту. Осынау ерекше жұмыстары үшін олар сағатына 35 доллар сұрайды.

Шетелдерде психология мамандығын меңгеріп, тек адамдарға ғана емес, үй жануарларының да жанына



тереңінен үңілуге болады. Мұндай маманның міндеті – үй жануарларын ерекше жақсы көріп, олардың мінезінде туындаған қиындықтардың себебін анықтау. Қысқасы – үй жануарларының көңіл сандығына бойлап, сырласа алатын қасиетіңіз болса – мархабат.

Күніне 60 долларға дейін табатын жандардың бірі – құшақтағыштар. Олардың көмегіне жалғызсырап, көңілі қамыққандар көп жүгінеді екен.

Шетелдерде ревизия тексерісі кезінде үлкен көлемдегі сауда орталықтары жұмысын бақылау үшін құпия сатып алушылар қызу іске кіріседі. Аса шебер актерлік ойынмен, мекеменің осал тұсын тапқаны үшін олардың бір жұмысына 100 долларға дейін қаржы жұмсалыады.

Келесі бір жұмыстың бірі – дене мүшелерінің фотомоделі. Әр жұмысы үшін 20 доллар төленетін осынау фотомодельдер медицина сабақтары үшін аса қажет.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

## ЭКОСОФИЯ

### Дәрі, әтір шөптердің пайда болуы

Жұмақтан қуылған соң, Адам ата мен Хауа ана әлемнің екі бұрышына түсіпті. Екеуі екі жақта жүріп, Алладан кешірім сұрап жылапты. Періштелер оларды жұбата алмай қиналды. Сол кезде Жаппар Хақ:

– Жылай берсін, жұбатаңдар! Олардың көз жасы – менің рақметім, – дейді. Адам атаның көз жасы тамып, ол жерден жалбыз, адыраспан, итмұрын, дермене, шайқурай, таңқурай, мия, кникоты сияқты мыңдаған дәрілік шөптер өсіп шығады. Хауа ананың көз жасынан қалампыр, оспа, қына, сүмбіл сияқты мыңдаған әтірлік шөптер мен хош иісті гүлдер өсіпті. Екеуінің теңізге тамған жастарынан інжу, маржан, дүрлер пайда болған екен.

### Ағаш ексең, күнәң жеңілдейді



Ертеде бір қарақшы таубе еткісі келеді. Ол Шайқы Бұрқы әулиеге келіп:

– Мен қырық жыл қан төктім. Енді таубеме келдім. Қайтсем Құдай күнәмді кешеді? – деп сұрайды. Әулие:

– Жол шетіне ағаш екі! Өткен-кеткен жолаушы саясына демалсын. Жемісін жеп, шөлін қандырсын! – дейді. Қарақшы жол жиегіне көп ағаш етіп, баптады. Арада бірнеше жыл өткенде ағашы жайқалып, бақшаға айналыпты. Жолаушы демалып, керуен ат шалдыратын шұрайлы жерге айналады. Бір күні Шайқы Бұрқы жолаушылап келе жатып, сол бақшаны көреді.

– Бұл кімнің бағы? – деп сұрайды. – Бақтың иесі жоқ. Жергілікті жұрт «Қарақшының бағы» деп атайды. Қарақшының өзі көп жылдардан бұрын дүниеден озыпты, – дейді.

Әулие бақтың жемісін жеп, сол жерде түнейді. Түсінде бағы қарақшыны көреді. Ол жұмақтың бақшасында отыр екен. Төбесінен нұр тамшылап тұрады. Шайқы:

– Уа, Тәңірім, бұл не никмет? – деп сұрайды. – Жеміс бағының саясына сан адам демалады. Жемісін жейді. Соның сауабы қарақшының ахиретте өшпес азығына айналды, – дейді. Шайқы Бұрқы ұйқыдан көңілді ояныпты. Содан бастап ел арасында «Ағаш ексең, күнәң жеңілдейді» деген сөз қалыпты.